

Ұлан-байтақ Қазақ жері – көп ұлтты, көп конфессиялы, әлденеше мәдениеттер тоғысқан мемлекет. Елбасы Н.Назарбаевтың бейбітшілік сүйгіш парасатты басшылығы арқасында елімізде жүзден астам алуан тіл мен дінді, түрлі діл мен мәдениетті ұлттар мен ұлыстар өзара ынтымақта тату-тәтті өмір сүріп келеді. Дегенмен, Ақтөбе және Алматы қалаларында террорлық қауіптің қызыл деңгейін жариялатқан қылмыстық әрекеттер сол бейбіт тіршілігімізге сына қаққысы келетін жағымсыз әрекеттер екені рас.



КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ – ҚОҒАМДЫҚ ТАТУЛЫҚТЫҢ ТІРЕГІ



Осыған орай Алматы облысы, Жамбыл ауданының орталығы Ұзынағаш ауылдық Мәдениет үйінде өткен «Конфессияаралық келісім – қоғамдық татулықтың тірегі» атты облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция Жетісудағы жалпы ахуалды айшықтап берді.

Ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысын облыс әкімінің орынбасары Бақтияр Әлтайұлы ӨНЕРБАЕВ кіріспе сөзбен ашты.

– Өзін демократиялы, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратын еліміз үшін дін саласындағы саясаттың ең басты мақсаты – конфессияаралық келісім болып табылады. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымындағы төрағалық мерзімінде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Біздегі ұлтаралық және дінаралық келісімнің моделі – бүкіл әлемдегі түрлі конфессиялар арасындағы қарым-қатынас ісіне Қазақстанның қосқан қомақты үлесі», – деген болатын. Оның дәлелі – бүгінде Қазақстан Республикасында 130 ұлт өкілдерінің, 18 конфессия сенушілерінің бейбіт қатар өмір сүруі әлемнің өзге елдерінде кездесе бермейтін жайт екені баршаңызға мәлім.

Еліміздегі татулықты нығайту, осы ретте, дінді деструктивті мақсатта пайдалануға жол бермеу бағытында Қазақстан Республикасындағы 2013-2017

жылдарға арналған экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға белсене қатысуымыз қажет.

Ол үшін мемлекеттік органдардың негізгі күші – экстремизм мен терроризмнің алдын алуға, қоғамда толерантты діни сананы және азаматтардың бойында радикалдық идеологияларға қарсы тұра алатын иммунитетті қалыптастыруға жұмылдырылуы тиіс.

Елімізде заңмен тиым салынған діни ұйымдардың іс-әрекеттері туралы мәліметтерді кеңінен тарату мақсатында ақпараттандыру жұмыстарына ерекше мән беруіміз қажет деп санаймын. Бүгінгі жиынымызда осы мәселеге баса назар аударылып, кеңінен талқыланатын болады, – деген әкім орынбасары конференцияға арнайы шақырылған қонақтармен таныстырып өтті. Олар: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы Бағдат Қабдоллаұлы Бейсенов, Алматы және Астана Епархиясының Ұзынағаш аумақтық шіркеуі протоиерейі Геннадий Григорьевич Кадников, Қасиетті Құдай ананың Успения Рим-Католик приходының басшысы Шульчус Каститис, облыстық Ассамблея төрағасының орынбасары,

(элефтерия) гректер қоғамының төрағасы Иорданиди Георгий Константинович, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Алматы өңірі бойынша өкіл имамы Наржанов Қуаныш Бақытбекұлы. Сонымен қатар, конференция жұмысына облыстық дін істері, ішкі саясат, жастар саясаты мәселелері, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар, білім, денсаулық сақтау, дене шынықтыру және спорт басқармалары, Қазақстан халқы Ассамблеясының облыстық хатшылығы және ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті, облыстық және аудандық ішкі істер департаменті, облыстық және аудандық прокуратураның қызметкерлері, ішкі саясат, мәдениет, денсаулық сақтау, спорт бөлімдерінің басшылары, ауылдық округ әкімдері, аудандық, ауылдық имамдар, ақсақалдар алқасының мүшелері, этномәдени орталықтары мен БАҚ өкілдері, барлығы 300 адам қатысты.

Алғашқы баяндаманы жасаған Алматы облыстық дін істері басқармасының басшысы Рахмет Разбекұлы ЕСДӘУЛЕТОВ аймақтағы діни ахуалдың жай-күйі туралы баяндай келіп:

Жалғасы 3-бетте



Жалғасы 7-бетте

АЙМАҚ ӘДЕБИЕТІ ӨРКЕНДЕУДЕ

(Маңғыстау ақын-жазушыларының шығармашылығы жайлы)



Кеңес Одағы кезіндегі солақай саясаттың салдарынан таратылып кеткен Маңғышлақ облысының қайтадан Маңғыстау облысы атанып, феникс құстай қайта құлпырып түлеуі және республикамыздағы өнеркәсібі қарыштап дамыған аймақтардың бірегейіне айналуы, сөйтіп, шетел инвесторларының да назарын өзіне жіті аудартуы Елбасымыздың Маңғыстауға деген ыстық ықыласының көрінісі деп білеміз. Яғни, аймақтың қайта түлеу дәуірі еліміздің тәуелсіздігімен тығыз байланысты.

Елбасы: «Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды... Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрімізді осы аралуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек. Бірлігі бар ел озады, бірлігі жоқ ел тозады», – деген болатын халыққа Жолдауында.

Олай болса біз өткенімізді де, бүгінімізді де ұмытпай, келешегіміздің нұрлы болуы үшін қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға, оны қастерлеуге әдебиетімізді де, мәдениетімізді де пайдалануымыз керек, олардың жауһарларын барынша тірнектеп жинақтап, халықтың өзіне қайтадан ұсынып отырғанымыз жөн.

Маңғыстау өлкесінің мол жерасты байлығымен қатар, оның рухани қазынасының да молдығы әмбеге аян. Оның ежелден келе жатқан өзгеге ұқсамайтын өзіндік ақын-жыраулар мектебі, күйшілер мектебі, әншілер мектебі, сәулетшілер мектебі, шыңырау құдықшылар мектебі, аңшылық мектебі, палуандар мектебі болған.

Маңғыстау облысы әкімдігінің және Қазақстан Жазушылар одағы Маңғыстау облыстық филиалының бірлескен жобасымен 2013 жылы Алматы қаласындағы «Қаз-Ақпарат» корпорациясы баспасынан шығарылған «Маңғыстау ақын-жазушыларының кітапханасы» 50 томдығы – сол асылдарымызды аялауда Елбасының тапсырмасын орындаудағы Маңғыстау облысында жүргізілген жұмыстардың бір парасы ғана.

Серияның құрастырушы әрі шығарушы-редакторы болғанымды өзіме көрсетілген құрмет, зор сенім деп білемін. Филиал директоры, облыстық «Маңғыстау» газетінің бас редакторы, ақын, публицист Ғалым Әріп екеуіміз басшылардың қамқорлығын ризалықпен сезіне отырып, қысқа мерзімде оқырмандар қолына тигізу үшін аянбай еңбектендік десек артық болмас.

Игі істі бастап беріп, өзге қызметке ауысып кеткен облыс әкімі Бауыржан Мұхаметжановқа, оның орнына әкім болып келгеннен кейін бірден түсіністікпен қарап, редакциялық алқаның төрағасы болып, баспадан кідіріссіз шығарылуына жағдай туғызған Алик Айдарбаевқа және осы жобаны дүниеге әкелушілердің бірі болып, ол жүзеге асқанша Ақтау қаласына бірнеше рет ат басын бұрып, кейбір шаруалардың оң шешілуіне мұрындық болған Маңғыстау облысы әкімінің бұрынғы кеңесшісі, заң ғылымының докторы, профессор, ұлтжанды азамат, Халықаралық «Жеті жарғы» және «Қожаберген жырау» қорының төрағасы Бекет Тұрғараұлына және Алматыдағы «Қаз-Ақпарат» корпорациясы баспасының президенті Қонысбек Ботбайға, сонымен бірге маңғыстаулық қаламгерлердің еңбегін жоғары бағалап, еліміздің арайлы астанасы Астана қаласының қалың оқырмандарына таныстыруды жөн санап, 50 томдықтың тұсаукесерін өткізген Қазақстан Республикасының академиялық ұлттық кітапханасының директоры Әлібек Асқаровқа өлке ақын-жазушыларының алғыс сезімдері шексіз болды.

Жалғасы 7-бетте

МЕРТ БОЛҒАН
СЕРЖАНТТЫҢ
ОТБАСЫНА ПӘТЕР
БЕРІЛДІ

2-бет

СӨЗ ӨНЕРІНІҢ
СҮЛЕЙІ

4-бет

СОТКА...
СОТКА...

5-бет

АЙТУЛЫ КҮНДЕРДІ
ҚАЛАЙ ҚАРСЫ
АЛАР ЕКЕНБІЗ...

6-бет

МЕРТ БОЛҒАН СЕРЖАНТТЫҢ ОТБАСЫНА ПӘТЕР БЕРІЛДІ



18 шілде күні Алматыда орын алған оқиғада қаза болған полиция сержанты Мақсат Сәлімбаевты жерлеу рәсімі Жамбыл ауданы Қарақыстақ ауылында өтті. Оған Алматы облысының әкімі Амандық БАТАЛОВ қатысып, марқұмның отбасына көңіл айтты.

Осы күні Қарақастек ауылында Мақсат Қанағатұлын соңғы сапарға шығарып салуға арналған қаралы митинг өтіп, онда Алматы облысының әкімі Амандық БАТАЛОВ лаңкестік әрекеттерді айыптай отырып, қоғамның қауіпсіздігі үшін қызметтік борышын өтеу жолында құрбан болған азаматтардың ерліктері елжандылықтың, отансүйгіштіктің жарқын үлгісі болатын атап өтті.

«Жас өмірі қыршын кеткен Мақсат тәуелсіз елдің тірегі, қорғаны болды, соның арқасында Мақсат қаншама бейбіт тұрғындардың өмірін сақтап қалды. Оның есімі тәуелсіз Қазақстан тарихында алтын әріптермен жазылып қалары сөзсіз», - деді облыс әкімі өз сөзінде.

Қарулы шабуыл оқиғасынан кейін Елбасының мемлекеттік органдарға

шұғыл тапсырмалар бергенін тілге тиек етіп, соған орай Мақсат Сәлімбаевтың отбасына Қарасай ауданындағы «Асыл Арман» тұрғын үй кешенінен екі бөлмелі пәтер беру туралы шешім қабылданғанын айтып, жаңа баспананың кілтін табыстады.

«Әрине, бұл қайғының орнын толтыра алмайды, дегенмен де, орнында бар оңалар деген. Артында қалған балалары, ағайын-туысы, ел-жұрты аман болсын деп тілейміз», - деді сөзінің соңында А. БАТАЛОВ.

Сонымен қатар Алматы облысы Ішкі істер департаментінің басшысы генерал майор Мұрат ҰРҰМХАНОВ Жәлелұлы, Алматы қаласы әкімдігінің өкілі Мақсат Исақов, Алматы қалалық Ішкі істер департаменті басшысының орынбасары, полиция полковнигі Ғазиз Нұрқаев, Мақсаттың туыстары атынан Мұратхан Жамбылов сөз алды.

Естеріңізге сала кетсек, Мақсат Сәлімбаев Алматы қаласы Ішкі істер департаменті Әуезов аудандық жол-патрульдік полициясында қызмет



ОБЛЫС ӘКІМІ ТИМУРДЫ БҮГІНГІ КҮННІҢ БАТЫРЫ ДЕП АТАДЫ



Алматы қаласындағы оқиға кезінде ауыр жарақат алып, ауруханада қайтыс болған жол-патрульдік полициясы арнайы батальоны қызметінің аға инспекторы полиция лейтенанты Тимур Бегасыловтың Еңбекшіқазақ ауданы, Бөлек ауылында тұратын отбасына және туған-туыстарына Алматы облысының әкімі Амандық Баталов көңіл айтты.

Облыс әкімі А. Баталов күні кешегі Алматыдағы оқиғада қоғам қауіпсіздігі үшін қызметтік борышын өтеу жолында азаматтарымыздың құрбан болуы бір отбасының ғана емес, күллі елдің қабырғасын қайыстырғанын жеткізе келе, отбасына басу айтты.

«Бұл ақталмайтын қылмыс. Азаматтардан айырылу - баршамыз үшін де ортақ қайғы. Оларды бүгінгі күннің батыры дейміз. Осындай ұл тәрбиелегендеріңіз үшін алдарыңызда басымызды иеміз. Дәл қазір сіздерге қолдау көрсетіп, жан-жақты жәрдемдесу – біздің міндетіміз», - деді облыс әкімі.

Осы күні Тимур Бегасыловтың отбасына А.Баталов Қарасай ауданындағы «Асыл Арман» тұрғын үй кешенінен екі бөлмелі жаңа пәтердің кілтін тапсырды.

АТЫ АҢЫЗ ЕЛ ЕРКЕСІ ЕРМЕК СЕРКЕБАЕВ

С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында әнші (баритон), Қазақстанның халық артисі, КСРО-ның халық әртісі Ермек Серкебаевтың туғанына 90 жыл толуына арнап «Өнер тарланы – Е.Серкебаев» әдеби сағат өткізілді. Әдеби сағатқа кітапхана оқырмандары, «Құрдастар» клубының мүшелері, көпшілік өнер сүйер қауым қатысты. Оқырмандарды әншінің шығармашылығымен таныстыру, оның өнегелі шығармалары арқылы адамгершілік, адалдық, махаббат сияқты құндылықтарды жастардың бойына сіңіре отырып тәрбиелеу мақсатында өткізілген шарада әнші туралы толық мәліметтер берілді. Баритон дауысты әншінің жазған естеліктерінен кітапхана қызметкері Гүлшарат Бопилова көпшілік жиналғандарға оқып берді. Сонымен қатар Ермек Серкебаевқа арналған «Линия судьбы» бағдарламасынан үзінділер көрсетілді.

Кеңес Одағының халық әртісі, Қазақстанның халық әртісі туралы кітапхана қызметкерлері дайындаған «Ермек – қазақтың маңдайына біткен ұлт мақтанышы» атты слайды арқылы әншінің өнер жолы туралы тоқталса, «Үнің кетпес құлақтан» бейнебаян көрсетіліп, Ермек Серкебаевтың орындауында бірнеше әндер тыңдалды. Әнші Ермек Серкебаевтың досы Шәкен Аймановтың «Біздің сүйікті дәрігер», «Ән шақырады», «Тақиялы періште» сынды қазақ киносының алтын қорында сақталған музыкалық қайталанбас туындыларда ойнағандығын баршамыз білеміз. Сол алтын қордағы кинолардан көрсетілген үзінділер шара қонақтарының көңілінен шықты.

Кітапхана директоры Марат Төлебай өз сөзін: «Осындай ұлы тұлғаларды насихаттау арқылы біз жастарды жақсылыққа тәрбиелей аламыз. Қазіргі таңда Сүндет Байғожин есімді опера әншісі Ермек Серкебаевтың орнын басып келе жатыр. Ендігі жастардың арасынан да танымал тұлғалар шығары сөзсіз», – деп шараны қорытындылады.

Шара барысында әйгілі әншінің өмірі мен шығармашылығы жөнінде



кітапханашы Лариса Құрымбаева толығырақ мәлімет берді. Сонымен қатар «Ермек Серкебаев – опера өнерінің дүлдүлі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, шолу жасалды.

Лариса ҚҰРЫМБАЕВА,

С.Жиенбаев атындағы жасөспірімдер

кітапханасы қызметкері

Ақтөбе қаласы

ЖАУАПТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ - АИТВ-ДЕН ҚОРҒАНЫС

Жастық шақ – бұл үнемі іздену мен тәжірибе жасау мезгілі екені рас. Өкінішке қарай, бұл тәжірибенің көпшілігі қауіпті жыныстық қатынас пен есірткі қолдануға да алып барады. Көптеген жасөспірімдер АИТВ (адамның иммун тапшылығының вирусы) жұқтырып аламын деп қорықпайды. Алайда, бүгінде індет жұқтырып алған ересектер де кезінде ондай ауру жұға қоймас деп селқос қарады. Қай уақытта шоқ басты екен, ол жағын әрине тап басып айту қиын. Індетті жұқтырып оны анықтағанша арада біршама уақыт өтуі мүмкін. Бұл адамдардың көпшілігі ол кезде ЖИТС туралы білген де жоқ, сондықтан қорғана да алмады. Есесіне сен қорғану жолдарын жақсы білесің.

АИТВ-ден қорғану үшін не істеу керек:

- Тәуекелі мол ересек, яғни жыныстық өмірге барынша кештеу кірісу;
- Жыныстық қатынастың барлық түрінде міндетті түрде мүшеқап қолдану;
- есірткі қолданбау;
- салауатты өмір салтын ұстану.

АИТВ-жұқпасы өте қауіпті, бірақ адам ағзасының сұйықтықтарынан тыс жерде өмір сүруге қабілетсіз. Сол себепті кәдімгі тұрмыстық жағдайда АИТВ жұқпасын жұқтыру мүмкін емес. Әзірге өкініштісі сол, адам иммун тапшылығы жұқпасына қарсы вакцинация табылған жоқ, бірақ алдын алу шаралары баршылық. Олар: мүшеқапты қолдану, антиретровирусты терапия. АИТВ жұқтырып алмаудың маңызды кепілінің бірі – тәуекелі аз, жауапты мінез-құлық десек артық айтқанымыз емес. Өйткені ол жастарда жеткіліксіз екені рас. Қорғану құралдары, мүшеқап пен дәрі-дәрмектің көптігі маңызды емес қой. Бәрі өзіңді жамандықтан қорғау мен өз денсаулығыңа немқұрайды қарамау ниетіңе байланысты. Нашар ортадан, есірткі мен кездейсоқ жыныстық қатынастан қорғайтын дәрі де ойлап табылған жоқ, ендеше әрбір жанның денсаулығы өзінің ғана қолында, өзі қабылдаған шешімдерге ғана байланысты.



атқарған, отбасылы, бір қызы бар. Бір үйдің үлкені, өзінен кейін бауырлары өсіп келеді.

Жерлеу рәсімінде Жамбыл ауданының әкімі Далабаев Жандарбек Ермеқұлы марқұмның отбасына көңіл айтты. Марқұмның әкесі Қолғанат Сәлімбаев (суретте) облыс басшылығына рахметін айтты.



САМҒАТҚАН САН ҚЫРАНДЫ ТУҒАН ӨЛКЕМ!

«Туған жерім - нұрлы елім» атты Ақтөбе облысы бойынша Байғанин ауданы күндері аясында Байғанин аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі ұйымдастыруымен С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында еліміздің ғылым мен білім, әдебиет пен өнер саласында еңбегі сіңген тұлғалармен кездесу, облыс жұртшылығына таныстыру мақсатында «Самғатқан сан қыранды туған өлкем!» кездесу кеші өткізілді.

Жүздесуде ұстаз-ардагер, жазушы, өлкетанушы, ҚР Журналистер Одағының мүшесі, ауданымыздың ардагерлер кеңесінің төрағасы, облыс әкімінің Байғанин ауданындағы кеңесшісі Ермекбаев Ибрагим өңірдің әдеби өмірінен сыр шерте, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Ақтөбе облысы және Байғанин ауданының құрметті азаматы, ғалым, ұстаздардың ұстазы Берікұлы Ниетжан ауданның қалыптасу тарихын жан-жақты таразылап баяндады.

Журналист, ақын, телевизия саласының ардагері, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Жақсылық Айжанов өзінің ақындық пен азаматтық келбетін сабақтастыра отырып, ел игілігіне қызмет етуде заман талабына сай ауыл шаруашылығын дамыту үшін мемлекеттік бағдарламаларды пайдалану жолдарын әңгімеледі. Өңірден түлеп ұшқан филология ғылымдарының кандидаты, доцент, ғалым, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік Мемлекеттік Университетінің проректоры Миrows Мұхтар Орынбасарұлы қазақ ғылымындағы жерлестеріміздің үлесі, өз ғылыми еңбектерінде жерлес ақын-жазушылардың шығармашылығын зерттеуі туралы әңгімеледі.

Ғалым Болат Баймұханов, ұстаз, еңбек ардагері М.Молдағазин өңір тарихы мен тұлғалар туралы деректерімен бөлісті. Режиссер, актер, ақын, сазгер, әнші, «ҚР мәдениет саласының үздігі» Орал Байсенгір қатысып, өз шығармашылықтары және өнер мен әдебиет саласындағы жетістіктері, бүгінгі ауданның келбеті туралы жүрекжарды лебіздерін білдіріп, жазушы Т.Жармағамбетовтың «Жарқамыс вальс» атты өлеңіне жазған әнін шырқап, көрермендерді серпілтті. Облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Қыдырғали Ермұқан Байғанин ауданы күндерінің ашылуымен құттықтады. Ауған соғысы ардагерлерінің қоғамдық бірлестігінің төрағасы А.Н.Балқасым Байғанин ауданы ішкі істер саласының ардагері, полковник Д.Ә.Лауқеновті республикалық қоғамдық бірлестігі атынан «Шапағат» медалімен марапаттады. Жас талапкер Арыйлым Нұрбаева «Миялым» атты өлеңін оқыды. Шараға қатысқан аудан әкімінің орынбасары Ш.Қ.Спанова ауданның әлеуметтік экономикалық, мәдени дамуына үлесін қосқан еңбек ардагерлеріне, жүздесуге қатысқан жерлестерге, оқырмандарға ризашылығын білдірді.

Кеш барысында тәуелсіздік жылдарында жарық көрген жерлес ақын-жазушылар басылымдарынан «Қасиет дарып, құт қонған, далам», «Жұлдызды 25 кітап» атты виртуальды көрме және аудан тарихы, өткені мен бүгінгі келбеті туралы бейнеслайд, кітап жаймасы көрермендерге ұсынылды. Сонымен бірге аудан күндері аясында ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев атындағы мәдениет және демалыс сабақта облыс жұртшылығы мен қала тұрғындарына «Аймақтың әдеби айнасы» атты жерлес ақын-жазушылардың шығармаларынан кітап көрмесі таныстырылып ұсынылды.

Г. МУХАМБЕТИЯР,
Байғанин аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің қызметкері



Д.А.Қонаев атындағы еуразиялық заң академиясының қаржы және жалпы жұмыстар жөніндегі проректоры Кәшипа Рахымбекқызы ДАРХАНБАЕВА осы білім ордасының көркейіп, дамуы жолында талмай тер төгіп, бар күш-жігерін сарп етуде десек те болады. Ол ҚР Білім беру жүйесін дамытуға қосқан жеке үлесі үшін Министрдің алғыс хатымен әрі «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің Құрметті қызметкері» белгісімен марапатталды. Еңбек жолы бұдан да жоғары сый-марапаттарға лайық екенін көрсететін Кәшипа Рахымбекқызымен сұхбаты назарларыңызға ұсынамыз.

«БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ – ОТАНЫМЫЗДЫҢ ДАМЫП, ЗАЙЫРЛЫ, ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТКЕ АЙНАЛУЫНА СҮБЕЛІ ҮЛЕС ҚОСУ»

– Кәшипа ханым, еліміздің тәуелсіздігінің нәтижесінде дүниеге келген, іргетесын өз қолыңызбен қалаған Д.А.Қонаев атындағы заң академиясы бүгінде республикамыздағы іргелі оқу орындарының біріне айналды. Осы ілім шаңырағы бой көтерген алғашқы күннен басы-қасында өзіңіз жүрдіңіз. Сізге аталмыш білім ордасын материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету ісі жүктелді. Ердің ері тәуекел ететін осындай үлкен жауапкершілікті қалай мойныңызға алдыңыз?

Кәшипа ханым: – «Тәуекел түбі – жел қайық, мінесің де өтесің» дегендей, алдыңа мақсат қойған кезде белгілі бір тәуекелге бармасаң, көздеген арман-мұратыңа жетуің неғайбыл ғой. Менің өмірлік тәжірибем мол еді. Жас кезімде-ақ аудандық атқару комитетінде бас бухгалтер болып, содан бері есеп-қисап ісі негізгі мамандығымға айналды. Оның үстіне Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін бітіріп, осы оқу орнына қатысты екі мамандықты да – заң әрі бухгалтер, жете меңгеріп, көп тәжірибе жинақтадым.

Әрине, қай істі қолға алсаң да бірінші кезекте қаржы мәселесін шешу керек. Жолдасым Өмірәлі Шақарапұлы екеуіміз машинамызды саттық, басқа да жиған-тергенімізді ортаға салдық. Жекеменшік оқу орны болғандықтан студенттердің оқуға төлейтін ақшасы бар, басында жүз елудей шәкірт қабылдадық, әр тиынымызды үнемдеп, бар тапқан-таянғанымызды материалдық негіз қалыптастыруға құйдық. Өйткені, материалдық базасыз алға басу, студенттерге лайықты білім беру мүмкін емес еді. Ал, осы оқу орнын ашқандағы біздің басты мақсатымыз қоғамымызға замана талабына сай білікті заңгерлер мен қаржыгерлер даярлауды жүзеге асыру болатын. Сол мұратымызға жеткен сияқтымыз.

– Иә, бұл білім ордасы тәуелсіздікпен бірге дүниеге келіп, қатар өсіп, дамып келе жатқаны қуанарлық әрі қызығарлық жайт. Еліміз егемендік алған алғашқы жылдардағы қиыншылықтар бәріміздің есімізде, тіпті, ұлт көсемі Н.Ә.Назарбаев та өз еңбектерінде сол кездегі ауыр хал-ахуалға тоқталып өтеді. Өйткені, сол ауыртпалықтарды еске алмай бүгінгі табыстарымызды бағалау мүмкін емес сияқты. Сондықтан өздеріңіз ашқан білім ордасының осы шешуші кезеңдегі жай-күйі туралы айтаңыз...

Кәшипа ханым: – Жоқтан бар жасау оңай емес, әрине. Бүгінгі табыстарымызға таза еңбегімізбен жеттік деп батыл айта аламын. Бес жыл бойы демалған жоқпыз. Күндіз студенттермен, ата-аналармен кездесіп, әңгімелесіп, ал, түнде жарғы, т.б. құжаттарды жасап, кіріс-шығысты есептеп, жарғақ құлағымыз жастыққа тимеді. Таңға дейін ұйықтамаған кезім аз емес. Өйткені, «ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» дегендей, қандай қиыншылыққа кездессек те бастаған істі орта жолда қалдырғымыз келмеді. Әріптестер, яғни, өзімізбен бірге құрылтайшы болғандардың арасында да түсінбестік туындап жатты. Солардың бірі колледж директорлығына баласын отырғызып қойып, түскен қаржыны соның айналдырғанын қалады. «Бұл коммерциялық ұйым емес, оқу орны» деп мұндай күмәнді іске жол бермедім. «Әйелің бухгалтер болмасын» дегендер де табылды. Заң бойынша жекеменшік мекемеде зайыбы, т.б.жақындары жұмыс істейді. «Өмірәлі кеткен күні мен кетем» деп табан тіреп отырып алдым. Жан жарыма барлық жағынан сүйеу болғым келді. Әсіресе, қаражатқа қатысты жерде адал, еңбекқор, білікті, сол іске берілген мамандар отыруы керек, әйтпесе, бәрі құрдымға кетуі



мүмкін. Сөйтіп, бар ақшаны білім ордасының күшті материалдық базасын жасауға жұмсадық, демеушілік, қайырымдылық шараларын да ұмытқан жоқпыз. Жетім-жесірлерге көмектесіп, әкесі де, шешесі де жоқ қабылетті балаларды тегін оқытқан кезіміз де бар. Жылдан-жылға жоғары оқу орындарына қойылатын талап күшейіп, сол деңгейден төмендемеу үшін, талаптарға сай болу мақсатында тынбай жұмыс істеуімізге тура келді. Бірінші кезекте университет имиджін көтеру мақсатында өте білікті мамандарды тарттық. Жыл сайын тексеру келеді, түрлі аттестациялар бар, соның бәрінен абыроймен өтудеміз. Материалдық базаны нығайтуға көп қаражат керек, сондықтан несие де алдық. Біз қазіргі қаржылық дағдарыс кезінде де студенттерге салмақ салмауға тырысамыз, оқу ақысы өзімізбен деңгейлес университеттерден көп емес және уақытында төлемесе, басқалардағыдай «өсім-пение» жүрмейді.

– Мемлекеттік мекемелер, ірі кәсіпорындар жұмысшыларға жалақысын, зейнетақыны кешіктіріп, айлап төлей алмаған кездері болды. Сіздер мұндай қысыл-таяқ кезде қандай шаралар қабылдадыңыздар? Жалақыны дер кезінде бердіңіздер ме?

Кәшипа ханым: – Өзімнің бухгалтерлік тәжірибем көп, ақшаны есептей білгендіктен, алдымен жалақыны, салықты төлеуге баса көңіл бөлдім. Жетпей жатса несие алып, өз қалтамыздан шығарған сәтіміз де болды. Әйтеуір, қол астымыздағы қызметкерлерді жалақысыз қалдырған жоқпыз.

– Бұл жеке басыңыздың ғана емес, мемлекеттік, халықтық мәні бар іс. Осы білім ордасынан түлеп ұшқан мыңдаған шәкірттеріңіз бүгінде түрлі жауапты орындарда елімізге қызмет етіп, білікті, іскер мамандар екенін дәлелдеуде. Ал, мемлекет тарапынан сіздерге қандай көмек болды?

Кәшипа ханым: – Бастапқыда «Ботанический бульвар» көшесіндегі республикалық арнаулы физика-математика мектебінің бір бөлмесінде шәкірттерімізді оқыттық. Бірақ, осы мектептің директоры Адамбек Тәтенов қызметінен ауысқан кезде бізге көзқарас өзгеріп, ол жерден кетіп қалдық, Сабақ жүргізетін орынтаппай біраз әбіргетүстік. Бір-екі жетейді



ҚазМУ-дың бос аудиторияларын пайдаландық. Қиналған соң сол кездегі «Зооветинституттың» ректоры Қалдыбек Сәбденовке барып, сол институттың бір корпусын жалдадық, мұнда екі ай тұрақтадық. Сосын ҚазМУ-дың білім жетілдіру институтында осы мекеменің директоры, философия ғылымдарының докторы, профессор Аманжол Қасабековтың рұқсатымен тағы екі ай болдық. Көшіп-қонып, қиналсақ та қол қусырып отырмадық, Алматы қалалық әкімшілігіне Д.А.Қонаев атындағы халықаралық қормен бірге ғимарат бөлуін өтініп, хат жолдадық. Қаланың сол кездегі әкімі Шалбай Құлмаханов еді. Үмітіміз ақталып, халқымыздың бір де болса

бірегей, тау тұлғалы, еңселі, ұлтжанды осы азаматы жәрдемдесіп, қазіргі Құрманғазы көшесінің 107-үйінде орналасқан, бұрын теміржолдың қарамағында болған балабақша орнын бір жылға жалға берді. Ол әбден быт-шыты шығып, қирапты, жылуы жоқ, құбырларынан су кетіп, жарамсыз халге жетіпті. Азын-аулақ қаражатымызды осы екі ғимаратты күрделі жөндеуден өткізуге жұмсап, білек сыбана іске кірісіп, жаңа оқу жылы басталғанға дейін қалпына келтірдік. «Жақсыдан шарапат, жаманнан кесапат» деген осы екен. Біреулер ізгі ісімізге кедергі жасаса, қолдау көрсеткендер де бар. Мысалы, сол кездегі Алматы темір жолының басшысы Амангелді Омаров қол қойған рұқсат қағазсыз әкімшілік бізге бұл ғимаратты бермейтін еді. Алматы қаласының мемлекеттік мүлік басқармасының бастығы Сағаділді Хасенов, т.б. азаматтарға мың да бір рахмет айту – біздің парызымыз.

Сол кезде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бір жыл жалға алып, оған біраз қаражат жұмсаған ғимаратты жекешелендіруге рұқсат берген Жарлығы шығып, шартты мерзім өткен соң балабақша орнын сатып алдық. Сатып алмасақ, бұл жерді басқа біреулер сатып алатын еді. Осы білім ордасынан түлеп ұшқан мыңдаған шәкірттеріміздің нәсібіне бізге бұйырды. Үкіметтің берген жәрдемі осы, үлкен көмек емес пе?

– Сөйтіп сол екі қабатты балабақша бүгінде Алматы қаласының ажарын аша түсер он екі қабатты тамаша ғимаратқа, заңгер, қаржыгер даярлайтын озық үлгідегі оқу орнына айналды. Балабақшаның екінші орнында он екі қабатты жатақхана салынып жатыр. Жалпы, студенттер оқу барысында жатар орыннан қиналмайтын шығар?

– Бұл бірінші кезекте ескеретін мәселелердің қатарынан ғой. Жататын орын іздеп сандалып жүрсе студенттер қалай салалы білім алады? Сол тоқсаныншы жылдардың басында-ақ Алматы Мақта-мата Комбинатының жатақханасын сатып алып, студенттерімізді сонда орналастырдық.

Қол жеткен табысты қанағат тұтып, тоқырап қалуға болмайды. Өзге де мемлекеттердің білім беру ісімен танысып, тәжірибе алмасу мақсатында Сингапур, Малайзия, Индонезия, т.б.елдерді араладық. Академиямыздың оқу корпусының жанынан салынып жатқан мына жатақхана солардан артық болмаса, кем емес. Үлкен акт, спорт залдары, басқа да керек-жарақтың бәрі бар. Студенттеріміздің жақын жерден қатынап, уақытын да, қаражатын да үнемдеп, өз ісінің кәсіби шебері болып шығу үшін қолдан келгеннің бәрін жасап жатырмыз.

Жалпы, келген тексерушілердің бәрі біздің материалдық базамыздың өте жақсы, мықты екенін ерекше атап өтеді. Өйткені, біз өз қарамағымыздағы оқу орнының еліміздегі ғана емес, біртіндеп әлемдегі ең үздік білім ордаларының қатарына қосылуы үшін талмай тер төгіп, аянбай еңбек етеміз. Басты мақсатымыз – Отанымыздың дамып, гүлденіп, өркеніетті, зайырлы, құқықтық мемлекетке айналуына сүбелі үлес қосу екенін атап айтқым келеді.

– Рахмет. Ниеттеріңізге жетулеріңізге тілектеспін. Кім біледі, жылдар өте бұл заң академиясы дүниежүзіндегі ең озық, ең алдыңғы қатарлы оқу орындарының қатарына қосылар. Лайым солай болсын.

Әңгімелескен
Гүлбаһрам ЖЕБЕСІН

Соңы. Басы 1-бетте

КОНФЕССИЯРАЛЫҚ КЕЛІСІМ – ҚОҒАМДЫҚ ТАТУЛЫҚТЫҢ ТІРЕГІ



Ел тұтастығы мен рухани келісімнің маңыздылығы адамзаттың үйлесімді де берекелі өмір сүруінде алатын орны ерекше. Қашан да татулығы жарасқан, ауызбірлігі мен достастығы үйлесім тапқан ел, бір арнаға түйісіп, халықтың тілегі мен ынта-ниеті, асыл армандары орындалып, бақытты қоғам әрі бейғам өмір кешетіндігі ежелден белгілі. Сол себепті бабаларымыздың: «Бірлігі барды - жау алмайды» немесе «Бірлік бар жерде – тірлік бар» деген ұлағатты сөздің астарында ауызбірлік пен татулықтың ел тыныштығына негізделгенін байқауға болады. Дін атын жамылған экстремизм, сепаратизм, терроризм идеяларының

алдын алу, конфессияаралық келісімді және еліміздің тыныштығын сақтау осындағы баршамыздың ортақ міндетіміз болып табылады. Осы бағыттағы жұмыстарымызға сәттілік, отбасыларыңызға амандық тілеймін! – деді Рахмет Разбекұлы.

Бұдан соң конференция жұмысына арнайы шақырылған қонақтар сөз алып, баяндамаларын жасаған соң, Жамбыл ауданы әкімінің міндетін атқарушы Нұрлан ЕРТАС елдімекеннің діни ахуалына тоқталды.

–Жамбыл ауданындағы халық саны 155800 адам, 25 ұлттар мен ұлыс өкілдері тұрады. Ұлттық құрамы бойынша 130200 қазақ (84 пайыз), 12400 орыс (8 пайыз), 4150 ұйғыр, (3 пайыз), 2373 түрік, 6677 адам басқа ұлттар пен ұлыс өкілдері бар.

Аудан халқының 80 пайызы – ханафи мәзһабын ұстанатын сүнниттер, 13 пайызы – хрестиан дініне сенушілер (олардың өзі 2 топқа бөлінген: дәстүрлі дін санаатына жататын православие сенушілер және дәстүрлі емес діни ағымдарға сенушілер, яғни протестанттық бағыттағылар), 6 пайызы – мұсылмандық діни шарттарды ұстанып өмір сүретіндер, 1 пайызы – әр түрлі дәстүрлі емес діни ағымдарға сенушілер болып табылады.



Бүгінгі күні ауданымызда 35 исламдық, 3 православиялық, 6 протестанттық бағыттағы діни бірлестіктер қызмет атқарып отыр.

Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламаны іске асы-



ру мақсатында аудан аумағында 1 аудандық және 24 ауылдық деңгейде құрамында 203 адам бар ақпараттық насихат топтар жұмыс істейді. Бұл топтардың құрамында ардагерлер ұйымдарының төрағалары, аналар кеңесінің төрайымдары, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, ауыл имамдары, ауыл ақсақалдары, мектеп басшылары қамтылған. 2016 жылдың бірінші жартысында 5 аудандық семинар, 8 кездесу мен 6 дөңгелек үстел өткізілді. Атап айтқанда, №6 кәсіптік колледж студенттерінің қатысуымен «Ұлтыңа адал бол» тақырыбында, медициналық колледж студенттерімен «Жат ағымдардан сақтан» тақырыбында кездесулер өтті. Қарғалы ауылындағы №3 орта мектебінде, аудан орталығындағы Т.Рысқұлов, С.Бердіқұлов орта мектептерінде, Жамбыл, Теміржол, Қарасу, Аққайнар ауылдарында теріс ағымдардан сақтану бойынша кездесулер ұйымдастырылды.

Барлық ұйымдастырылған семинарлар мен кездесулерде жат діни ағымдардан сақтануды ескертетін арнаулы деректі фильмдер көрсетілді. Селолық округтердің әкімдеріне, мектеп басшыларына дәстүрлі емес діни ағымдар мен ұйымдар туралы, олардың қоғамға және жеке азаматтарға келтіретін зияны туралы қажетті кітаптар мен брошюралар таратылды.

Ауыл тұрғындарымен күнделікті кездесіп, әсіресе жұма күндері халыққа ислам дінін уағыздап, келушілерге түсіндірме жұмыстарын жүргізіп отыратын мешіттердегі имамдарға, әсіресе олардың біліміне және білімдерін жетілдіру мақсатында курстардан өтіп тұруы да ауыл

әкімдері тарапынан ерекше назарда болуы керек.



Ауылдардағы кейбір мешіттерде имамдардың жоқтығына қарамастан халық жұманамазға барады, ал осындай иесі жоқ мешіттерде діни уағыздар тақырыптан ауытқып, түрлі радикалды бағытта астыртын жұмыстар жүргізілетінін ауыл әкімдері бақылаудан тыс қалдырмай, жат ағымдардың насихатталуына, олардың іс-қимылдарының жүзеге асырылуының алдын алып, жүйелі жұмыстар жасаулары талап етіледі.

Аудандағы қоғамдық-саяси, діни ахуалы бүгінгі күні тұрақты деп айтуға болады. Бірақ кешегі Алматы қаласындағы Ақтөбедегі жағдайлар бізді ойландырмай қоймайды. Ислам атын жамылып, түрлі террорлық ұйымдарға бас сұққан бұзақылар елдің тыныштығын бұзуға әрекет жасауда. Қаншама жазықсыз адамдар мерт болып отыр. Сондықтан, елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын, сынала жүріп шыңдалатын үлкен сынақ. Қоғамымыздың алға басуы, мемлекетіміздің дамуы ауызбіршілік пен конфессияаралық келісімде екендігін естен шығармауымыз қажет. Келешегіміздің кемел болуы үшін барша жұрт болып бірлік туын биік көтеріп, еліміздегі бейбітшілікті осында отырған барлығымыз көзіміздің қарашығындай сақтауымыз қажет.

Конференция соңында қатысушылар баяндамашыларға сұрақтар қойды. Көпшілікке Алматы облыстық дін істері басқармасы шығарған діни сауалдарға жауап беретін кітапшалар таратылды.

(Соңы. Басы өткен сандарда)

Ал мұндай аса күрделі мәселені Үмбетәлі ақын қалай қабылдап, өзінің көзқарасын өлең тілімен қандай формада жеткізе білді. Сергек ақындарымыз тыңды жаппай игеруге байланысты пікірлерін, орын алып отырған қайшылықтарды ашық айтты.

Кәрібаевтың «Тыңға аттанған жастарға» деген өлеңінде лаулап жанған, жолын шоқ жастардың зор міндетті атқаруға, құлазып жатқан даланы жақсартып, жаңартуға, егін егуге аттанып бара жатқанын, көңіл күйлерінің көтеріңкілігін, жүздерінің жарқын екенін жырға қосады. «Тыңды игерген жастарға» атты өлеңінде жастардың тыңды игеріп, даламызды гүлдендіріп мектеп, клуб, емхана салып, тұрғын үйлер тұрғызып, тың тәсін де еңбек дүбірімен қайта жандандырғанын мақтанымш ете жырға қосады, тыңды ақын ел тағдырын шешетін іс деп қабылдайды. Тыңайған жерлерді игерудің өзі республиканың экономикалық жағдайын өзгерткенін, еліміз ірі астық өндіруші қуатты елге айналғанын ақын айқын сезіне білді. Сондықтан да Кәрібаевтың тыңды көтеруге байланысты зор міндетті, ірі өзгерістерді көріп, түйсініп ақын ретінде өзінің де азаматтық борышын жыр тілімен, ой-толғанысымен жаңалық жаршысы ретінде көтере білді.

Ал тың жерлерді игеруге қатысты жіберіліп жатқан қателіктердің түп төркінін, науқанға айналдырылып отырғанын, оның еліміз халқының несібесіне тікелей қатысы барлығын ақын айқын аңғарды. Сондықтан ол тың игеруге байланысты еніп жатқан өзгерістерді, жастардың ерен еңбектерін өз жырына қосты, қоғамда істелініп жатқан шараларды, тың игерушілер еңбегімен байланыстыра сипаттады.

Адамзат баласы тарихында тұңғыш рет 1961 жылғы 12 сәуірде жердің тартылыс күшін жеңіп, ғарышқа Ю.Гагарин ұшты. Бұл әлемді елең еткізген ең ірі тарихи оқиға болатын. Ақын ер жүрек ғарышкерге жыр арнады, өзінің толғанысын өлең өрнектерімен кестеледі, ол Гагаринді «адамзаттың сұңқары» деп бейнеледі. Үмбетәлі бүгінде біз космос деген терминнің орнына қолданып жүрген ғарыш сөзін өте оңтайлы пайдаланып, тілімізге осы өлеңі арқылы орнықтыра түседі. Гагариннің ғарышқа самғауы батыс елдерін таң қалдырды, әлемде ең алғаш рет КСРО азаматы бұрын-соңды жасалынбаған ерліктің үлгісін көрсетті. Сөйтіп ғарышты игеру ғасыры басталды, еліміз техникалық пргрестің асқан үлгі-өнегесін әлемге паш етті. Ақын О.Сүлейменов «Адамға табын, Жер, енді» деген поэмасын жазды. Үмбетәлі ақын Гагариннің ғарыш кеңістігінде болған сағатына дейін жырында нақты бейнелейді.

Алған соң әбден сайланып,

Бір сағат отыз минутта

Жер жүзін келдің айналып, – деп Гагариннің ерлігін асқақтата жырлайды «Гагарин» деген өлеңінде. Бұл тақырыпты одан әрі дамыта отырып, «Нұр тілек» деген өлеңінде ғарышкер Г.Титовты «космосқа шеру құрып, жұлдыздай алға тартындар» деп жырға қосып:

Көрмеген әсте таңданып,

Ай тұсынан айқай сап,

Күн тұсынан күркіреп,

Сен самғасаң жұлдыздар

Жол береді дүркіреп, – деп асқақтата, екпіндей, буырқанған ой-толғаныстарын нөсердей селдете төгіп-төгіп жібереді, ғарышта ұшып жүрген космонавтың қозғалысын ауыз әдебиетінің үлгі сарынымен де бейнелеп, күшейтіп, үдете түседі. Гагаринді, Титовты және басқа да космонавтарды қазақ ақындарының бәрі де жырлады. Бұл тарихи ең ұлы оқиға болып қала береді.

Үнемі ізденіс үстінде жүретін ақын жырларынан, толғауларынан ғылымның жетістіктеріне, әсіресе, сутегі, атом бомбаларының ойлап табылуын, оның адам игілігіне жұмсалуын өлең тілінде өрнектеп өтеді. Екі ғасырдың күәсі болған ақын техникалық прогрестің қоғам өміріне еніп, мемлекеттің экономикалық, ғылыми, қорғаныс қабілетін нығайтып, соның нәтижесінде еліміздің әлеуетінің күшейіп, әлемде жетекші позицияға көтеріліп отырғанын өз жырында ақындық шабытпен жырлап, ақындық үлесін қосып, ат салысуын – жоғары бағалауымыз қажет. Бұл тұрғыда қоғамдық прогрестің жетекші күші ғылымда тұрғанын, сондықтан оқу-білімді, ілімді игеруге, осы жолда аянбай еңбек етуге жастарды шақырды. Кәрібаев қоғамдағы ірі өзгерістерді, тіпті, саяси оқиғаларға дейін қалт жібермей қадағалап, қажетті жерінде поэтикалық тұрғыдан игеріп те отырды, ол ұлы істерге, ұлы өзгерістерге барынша жан дүниесі жақын адам еді, құлағы, ақыл-ойы өте зерек, алымды, XX ғасырдың аса талантты ақыны ретінде танылды.

Ұлы тарихи өзгерістерді поэтикалық тұрғыдан жан-жақты шебер еңсере білген, осы жолда үлгі-өнеге көрсетіп отырған өте сергек ақын.

Елімізде, бұрынғы Одақта болып жатқан ең маңызды деген оқиғалар ақынның жыр жанарынан тыс қалмады. Ақын Алатауды, Жетісуды, Алтай мен Атырауды, Сарыарқаны жырлап қана қоймай, ол кезде кенересі толып, айдыны шалқып жатқан Арал теңізін де байлығымыз ретінде жырға қосты.

«Жұмабайға» деген өлеңінде, Қазақстан халқының қамқоршысына өз ойын былай жеткізеді:

Өмір сүр, өркендей бер, арымай ашпай,

Қатыр да дұшпаныңды қара тастай.

47 жылдан бері менің,

Сырғытып өлеңімді отыр баспай,

- деп шағым айтады, ақынның жарты ғасырға жуық өлеңі басылмай, баспасөз, баспа орындарына жолы ашылмай отырғанына қарағанда, ақын шығармасының насихатталынбай қалғанын, идеологиялық қысымға ұшырағанын байқауға болады. Оның себебі неде, әрине, бұл аңқай жататын мәселе. Бірақ соған қарамастан Үмбетәлі жыр нөсерін селдетуден таңған емес, керісінше, үдете түскен, ол өмірдің барлық салаларына өлең-жырыммен белсене атсалысады, жастар бойына рух беретін патриоттық жырлар, отан сүйгіштік толғауларын толассыз ой көрігінен, көңіл теңізінен ақтара түседі. Сонымен қатар, шаруашылықтарды аралап өз көзімен көрген кемшіліктерді, қырсыздықты, жауапсыздық пен жалқаулықты, мемлекет мүлкін жымқырушылықты аяусыз сынға алады. Сатира найзасымен түйрейді. Қысқа дер кезінде дайындық жасап, жем-шөп қорын мол етіп жинап ала алмай, қар қалың жауып, аяз қысқан уақытта тарығып, малдарын жұтатып алған басшылар – Үмбетәлі жырына ілініп, сыналып отырады. Оның «Қыстың сыры» атты шағын дастанында мал баққан шаруа жайының қиындығы барынша бейнеленіп көрсетіледі, қыс айы, оның үскірік боранын сипаттап, малыңға ауыр тиетінін, сондықтан құнарлы мал азығын дайындауға баса назар аударады.Еліміз аграрлы ел болғандықтан, егін мен қатар мал шаруашылығын дамыту ең бірінші орында тұрды. Ақын мемлекеттік маңызы бар іске қырсыздық кедергі болып отырғанын ашынады.

Ақынның жинағына енген «Әзім туралы» деген толғауын тебіренбей, әсерленбей оқу мүмкін емес, өйткені бұл автобиографиялық сипаттағы өлең ғана емес, бұл қайшылықты, қатыгез, безбүйрек өмірдің жеке адам тағдырына жазған қиындықтарының да шынайы тарихы іспеттес. Жас кезінде өмірдің артқан ауырталпығын тартқан, қағажаяу көрген, қорлықтың неше түрлі атасын басынан кешкен бозбаланың өмірі оқырманның көз алдында тұрып қалады. Үш жарым жыл мал соңында салпақтайды, мүшел жасқа да толмай, бұғанасы да қатпай, белі қайысып, ішер асқа, киер киімге жарымай өскен бозбаланың тағдыры, қазақ балаларының бәрине де ортақ еді. Мал соңынан он жеті жасынан босап, молданың алдына барып, шала-пұла қара таниды. Содан біржола ақындық жолға бет бұрады. Алған білімі – сауат ашу ғана болған Үмбетәлі



өмір университетінен тәлім-тәрбие алып, ізденіп, көп оқу арқылы білімін толықтыра білген талант. Жиырма жасында елге жыршы атанды, есімі танымал бола бастады. Міне автобиографиялық өлеңінде қиындықты жеңіп, өзінің өнер жолына түскенін толғана жырға өзек етеді.

Шығыс ақындарының дәстүріне қанық Үмбетәлі бір тақырыпты назира салтымен жырлаудың да үлгісін көрсетеді, оның бұл тәсілді қолдануы өте сәтті шыққан. Гитлердің Кеңес одағымен жасаған шартты бұзып, опасыздықпен шабуыл жасағанын, миллиондаған адамның соғыс өртіне шалдығып, қырылғанын, фашизмнің адам баласына жасаған қиянатын ашына жазып, Гитлерді күллі адамзаттық жауызы, нағыз қанішер ретінде айыптап сипаттаса, Әмір Темірді басқаша қырынан алып көрсетуге күш салады. Ақсақ Темір де жарты әлемге билігі жүрген әмір, тиран. Шыңғыс ханнан кейін түрік халықтарының басын қосып, ұлы империя, қуатты мемлекет құру жолында күрескен тарихи тұлға. Тарихқа Темір ренессансын енгізіп кеткен, реформатор, ол жөнінде аңыз да, әпсана да, жыр да, арнайы жазылған еңбектер де аз емес. Үмбетәлі шығыстық сюжетті пайдалана отырып, «Патша мен ұрылар» деген шағын дастанында Темірдің үш өнерпаз ұрығы өзінің кім екенін жасырып, сыр тартып әңгімелескенін сипаттайды. Қазынадан ақша ұрлап, үңгірге жасырынған әлгі үш ұрыны алдырып, кезек-кезек сұрақ алып, дарға асудың орнына кеңпейілділік көрсетіп, бастарына бостандық береді, сөйтіп жұрт күтпеген парасатты шешім жасап, өнерпаз ұрыларды құтқарып жібереді, тосын, күтпеген жағдай. Ақсақ Темір жапанды жаулаушы ғана емес, әлемді күйретуші емес, ақыл парасат тізгінін тең ұстайтын даналық қасиет бойына біткен тұлға ретінде көрінеді. «Назира» тәсілімен жырлаған «Төрт өнерпаз хикаясының» сюжеті де ақындар қауымына мәлім. Оқырман бұл хикаяны бас алмай оқып шыға алады, себебі оқиға жетелейді. Назира тәсілінде де ақын оқиғанын ішіне кіріп, араласып жүргендей еркін аяқ сілтейді, баяндау, суреттеу, соншама өрнекті тілмен қайырылып отырады. Хикаяны оқи отырып, адам арман-тілегінің шексіздігіне, ақыл-ой қиялының кеңістікте шектеліп қалмайтынына, небір ғажайып дүниелердің ой жемісі болып табылатынына қайран қаласың ақын, осы бір ғажап оқиғаны жұп-жұмыр етіп оқырманға ұсына білген. Қалай дегенмен де шығыстағы назирағөйлік тәсілді дамытушылар легінде Ү.Кәрібаевтың шығармасының да аталуы заңды болмақ.

Үмбетәлінің ауызша шығарған жырларының көркемдік деңгейінің, ұйқасының мықтылығы сондай, жазып шығарған өлең-жыр, толғауларымен ара жігін ажырата қою қиын. Бұл тұрғыда Ү.Кәрібаев шығармашылығы Б.Момышұлын еріксіз еске түсіреді. Хас батырдың ауызша айтқан әңгімелері жазбаша әңгімелерімен бірдей, түзету, өзгертуді қажет етпейді.

Ү.Кәрібаевтың жыршылық бұл қасиетін - айтыстарынан айқын сезініп отырасыз, себебі ол нағыз зерделі ақын, құйма құлақ ақпа, суырып салма дарын, өнер мұраларын, өзі естіген айтыстарды мидың магнит таспасына жазып алғандай етіп түсіріп беріп кетуі – ғажап нәрсе емес пе? Ү.Кәрібаев сөзге шешен, нағыз өксем, сұңғыла, оның көкірегі өлең-жырдың аса бай қазынасы. Ақынның бұл қасиетін айтыстарынан айқын көріп, сезе түсеміз. «Бақтыбай», «Қисық батыр мен Кемпірбай» туралы жазып қалдырған әңгімелері – қандай әдемі, қаз-қалпында жеткізілген. Әдебиетімізді байытып тұрған бұл әңгімелерді Үмбетәлі қағазға түсіріп кетпесе, сол күйінде ұмыт болып қалар еді. Бақтыбай, Кемпірбай, Тезек төреге қатысты қысқа-қысқа әңгімелер осы тұлғаны зерттеушілер үшін аса құнды материалдар.

Біздіңше Үмбетәлі творчествосында ерекше орын алатын, оның атақты ақындармен айтысқа түсуі дер едік. Соның ішінде «Үмбетәлі мен Нұрланның айтысы» әдебиет тарихында орағытып кете алмайтын үздік айтыс түрі. Бұл өзі тұтас бір айтыс қана емес, оқиғаның басталуы тұтас бір сахналық көрініс сипатында өтіп отырады. Айтысқа дейін Кенен, Үмбетәлі, Зинаділ арасында өлең сөзбен дидарласу, айтысқа қарай бұрылу сияқты ой толғанады. Зинаділ сөз тастап, Үмбетәліні қалайда жеңу үшін Нұрила ақынды алдыру керек деп, арасы екі сағаттық жердегі Нұрианы ат шаптырып, жорғамен алдыртады. Келе салысымен Нұрила ат үстінде жырын түйдектетеді, сөзге Бармақ ақын, содан Кенен араласады,

Зинаділ де тойға шақырған мен едім дейді. Дулат ақыны Шүкітай да Нұрилаға өзінің білетінін айтып қалады.

Айтысқа атақты Кенен, дулат Шүкітай, Бармақ, Зинаділ, сондай-ақ Жамбыл жырау да қатысып отырады. Бұл заманында ең мықты ақындық айтыс болған.

Нұрила 25-ке дейін небір айтулы ақындармен айтысып дес бермеген, үнемі үстем шығып, қарсыласын тізеден ұрғандай қағып тастап отырған өткір тілді, ойы ұшқыр, адуынды, екпіні жолындағыны жайпап кетер сел тасқынындай жас талап дарынды ақын еді. Ол ақындық биікке ерте қол созды, айтыс өнерінде бұл өнердің аламан бәйгесін алып отырды. Оған ешкім де қарсы келе алмаған, жеңіліп қалып отырған. Ол айтыс өнерінің көк зеңгірінде туған Шолпан жұлдыздай қабылданған дарынды ақын еді, осы биікте құйрықты жұлдыздай ерте ағып түсті. Оның жасы сол кезде небәрі 25-те ғана екен. Өкінішке толы осы мәлімет деректерді

СӨЗ ӨНЕРІНІҢ СҮЛЕЙІ

айтыс материалын оқып отырып білесіз. Қандай талант десеңші! Айтысты бізге қағаз бетіне түсіріп жеткізген Ү.Кәрібаевтың өзі. Үмбетәлі мен Нұрила шаршы топта айтысқа түсіп, кісінің айызын қандырар небір ой өрнектерін, тапқыр жауаптардың, сынның, мінездеменің үлгісін көрсетеді. Үмбетәлі өте шешен, ойы алымды, жердің апшысын қуырып аламан бәйгеге шабатын жүйріктей лыпып тұрған мінезді айтыскер. Сөздері де ірі, ықтырып тастардай, бет қарайтпайтын екпінмен үдете түскенде, Нұрианы тосылып тастар дейсің. Осыдан кейін қалай жауап қатар екен деп отырасың. Үмбетәлі тым қатты кетіп, шүйіліп, қарсыласының мысын басып, абдыратып тастамақ болып:

Аузыңды еркінсітпей тарта сөйле,

Сен бе едің елде қатын байын жеңген!..

деп бір тастаса, артынша:

Жарамас шешен жауға, батыр дауға,

Өлеңнен сұрамасын сенен сауға,

«Бәйге алмас, байтал озып», деген сөз бар,

Сақа айғыр ап жүрмесін омырауға,

-деп тағы да төпей түседі.

Нұрила аса тапқыр, қолма-қол жауап қатып, Үмбетәлінің екпінін алған бетте-ақ қайтарып тастайды, жай ғана емес, есте қаларлықтай жұртты қыран-топан күлкіге кенелткен жауабын береді. Ол:

Нұрила талай тойға баратуғын,

Той болса әнім осы салатуғын.

Омырауға алам деп талай сәурің,

Бір-бір ііскеп өз қиын қалатуғын.

Бұл шын мәнінде алымды да, шалымды, қырағы, қырғи тілді, қас қағымда сорғалап кеп бүріп кетер бүркітше шүйіліп, қайта биікке самғай жөнелетін қасиет Нұриланың айтыскерлік мінезіне тән. Нұриланың сөздері мен ойлары кесек-кесек, түйдек-түйдек болып келеді. Оған тосырқау, іркеліп қалу деген мүлдем жат нәрсе. Қыннан қылышты суырып алғандай шапшаң қозғалыс, бойға қарсыластың сөзін дарытпай ой қалқанымен қағып тастайды. Үмбетәлі ақын қай жағынан келсе де Нұрила қыз алдырмайды, керісінше ширатылып, шарықтай түседі.

Айтыс өте тартысты өтеді. Нұрила Үмбетәлінің атына айтыс болған соң қатты-қатты сөз де бағыштап жібереді. Үмбетәлінің кейпін сипаттап келе былай дейді:

Болғанда бетің тықыр, бойың мықыр,

Қытықтау мінезің бар, желкең шұңқыр.

Кесікінің келісімісіз таңқы мұрын,

Торсықтай майлап қойған қара жылтыр.

Үмбетәліге қатысты ойын Нұрила одан әрі еселеп, оның сесін қайтарып тастайды:

Енеңнен екі туып сен келмесей,

Есіңнен осы болды тандырғаным.

Жағымсыз жаман сөзбен, Үмбетәлі,

Екіңші құлағымды даң қылмағын.

Нұриланың кесіп түсер кесімді сөзі осы. Одан әрі Нұрила өткен жылы келін болып түскенін, босанғанына үш-ақ күн болса, нәрестесін құндаққа орап, шақырған соң келгенін, белінің де қатпағанынан айтты.

Аяғыма сол менің бала шідер,

Қайтуыма сондықтан ұлықсат бер,

Бөгелуге емшегім сыздап отыр,

Бөбегіме, ататай, мені жібер!

дейді. Ататай деп отырғаны Жамбыл ақын. Осы айтыстың төрелігін

Жамбыл береді. Ұлы ақын:

Жамбылдың жасы жетті жетпістерге,

Мұндай бала көрмек жоқ өткір тілге,

Дауысың көкке жетіп, аспан жарған,

Естідік әуезіңді бір түн бізде

Олай болса тоқтату мүмкін емес,

Бар шырағым, ұлықсат бердім сізге, – деп рұқсатын береді. Жеңіс

Нұриланікі екенін ұлы жырау былай түйіндейді:

Бағы жанса байталдың бағасы зор,

Адасқанын Үмбеттің байқады ол,

Бұл жердегі айтыстың кезегінен,

Нұрилаға беретін теңеуім сол.

Жамбыл өзінің жасын жетпіске келгенін айтса, онда бұл айтыс 1915-1916 жылдар аралығында болған деп санауға болады. Ал сол айтысқан жылы Нұриланың жасы 25-те екен, онда ол 1890-1891 жылдары туған болып отыр. Жас жағынан Үмбетәлімен қатарлас, сондықтан қарсыласына шымбайына тиер ауыр сөздер де айтып жібереді. Үмбетәлінің де мықты ақын екенін Нұрила да мойындайды, бұған дейінгі ақындардың бәрінен Үмбетәлі басым екенін біледі. Белі де қатпай айтысқа түскен жас келіншек ұзамай айтықпас кеселге тап болады.

Ішіме түйнектей боп түйілгені,

Сол жерде сонан кесел жабысқандай.

Содан көп ұзамай дерті асқынып, дарынды қыз қайтыс болады, ол өзінің бойындағы қабілетін толық аша алмаған күйі күйкі тірлікпен біржола қош айтысады, өкініштісі сол!

Айтыс өнерінің ең бір шоқтығы саналар бұл айтысқа қысқаша ғана тоқталдық. Үмбетәлі Кәрібаевтың шығармаларын толық оқып, зерттеп, зерделеген сайын, оның XX ғасырдағы ең айтулы шебер, шешен, ірі эпик, ірі айтыскер ақын екенін, Сүйінбай мен Жамбылдың ақындық мектебін, дәстүрін жалғастырған аса дарынды тұлға болғанын ұғына түсесіз.

Мұхтар ҚАЗЫБЕК,

М.Х.Дулати атындағы қоғамдық қор директоры



Г.АЛАТАЕВА,
бөлім меңгеруші

МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ ЕЛОРДАСЫ – АСТАНА

С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының қызметкерлері қаланың тұрғындары мен қонақтарының назарына ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев атындағы мәдениет және демалыс саябағында Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы аясында баршамыздың мақтанышымызға айналған шаһарымыз Астана қаласына арналып «Мәңгілік елдің Елордасы» атты көлемді кітап көрмесін ұйымдастырды.

Аталмыш кітап көрмесі Егеменді еліміздің өткені мен бүгінгі тыныс-тіршілігін қамтитын Астана қаласының тарихы мен жанды жетістігінің дереккөздерімен таныстыру және жастарымызды патриоттық рухта тәрбиелеу мақсатынан туындап отыр.

Қала тұрғындары көрмеде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы сериясы тұрғысында Алматыдан 2012 жылы т.ғ.д., профессор Б.Аяғанның редакциясымен шыққан үш томдық қазақ, орыс тілдеріндегі «Қазақстанның жаңа тарихы», Елбасының «Қазақстан жолы», «Еуразия жүрегінде», В.П.Патраковтың «Астана – начало Евразии», Ж.Касымбаев пен Н.Ағубаевтың «История Акмолы» атты еңбектерімен, «Астана» және кітапхана қорына жаңадан келіп түскен «Астана үшін мың тағзым!»,«Ақорда», қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығарылған, сонымен бірге қала қонақтарына арналған

СОТКА... СОТКА...

(Қазіргі оқырман мәдениеті және... және...)

«Кітап маған тақтан да қымбат».
У. Шекспир
«Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік».
Ғабит Мүсірепов
«Бізде рухани жұтаған, рухани иммунитеттен жұрдай ұрпақ өсіп шықты. (...) Есімізді жияйық. Есерлікті қояйық, бүгінімізде болашақ жатқанын ойлайық».
С. Михалков

«Кітап оқылмайды», «оқитын кітап жоқ» дегенге ұқсас әңгімелер соңғы кезде көп айтылып, баспасөзде жиі жазылып жүр. Солай ма, кітап шынымен оқылмай ма, болмаса оқитын кітап жоқ па? Бірер пікірлерге жүгінейік.

«... Біз кітаптың қадірін кетіріп, аяқасты етіп, құрттық».

М а р х а б а т Байғұт. «Халық сөзі», 06.09.2013 ж./

«... Қазір кітап – теңіз.» (...) «Оқырман қауым ненің асыл, ненің жасық екенін ажирата алмай адасып қалды.»

Сәт Тоқпақбаев. «Айқын», 8.06.2010 ж./

«Қазір қазақ поэзиясы артта қалды».

Дүбәкір Нілібаев. «Қазақ үні», 8.10.2013 ж./

«... Бірде көшеде менен қолтаңба алу үшін тұра жүгірген жастарға қасымдағы Әшірбек Сығайды нұсқап: «Менен неге қолтаңба ала бересіңдер, міне, алдарында Мұхтар Әуезовтің өзі тұр емес пе?» – деп едім, әлгі жастар Әшірбекке тұра ұмтылды. «О, Мұхтар аға, біз сіздің «Абай жолыңызды» оқығанбыз», – деп.

Асанәлі Әшімов. «Алаш айнасы», 18.08.2012 ж./

«...Қазір қазақ әдебиеті кризис кезеңінде.» (...) «Бұрынғыдай шалқақнан жатып алып роман оқитын да кез емес».

Қабдеш Жұмаділов. «Парасат», №9, 2013ж./

«Әркім өзінің оқырманын іздейді.»

Болат Мүрсәлім. «Қазақ әдебиеті», 11.10.2013 ж./

«Біздің халқымыз кезінде кітап оқудан дүние жүзі бойынша бірінші орынға шыққан. Қазіргі таңда (...) кітап оқу жөнінен, руханият мәселесінен өте құлдырап кетті.»

Құлбек Ерғөбек. «Парасат», №9, 2013 ж./

Бәрі-бәрі кітапқа байланысты пікірлер. Түсінгеніміз: қазіргі уақытта кітаптың қадірі кеткен. Сонда кітап қадірінің кетуіне не себеп? Кітап – теңіз болса, оқитын, оқылатын кітап жоқ деген не сөз?

Қыркүйек айының жиырмасы күні (2013 ж.) Ұлттық кітапханада жазушы Өтебай Қанахиннің 90 жылдық мерейтойына орай әдебиетшілер мен оқырмандардың бас қосуы ұйымдастырылды. Сонда сөз алған бір студент «кітап оқитын оқырман аз емес, оқырман оқитын кітап жағы мез емес» деген мағынада пікір айтты. Сәт Тоқпақпаев не дейді? «Кітап жоқ емес – теңіз». Сонда студенттің әлгі уәжін қалай түсінеміз?

«Біз өзі ауызымызды кү шөппен сүртуге үйреніп қалғанбыз. Әйтпесе, Мұхтар Мағауиннің «Жармағы», Шерхан Мұртазаның «Бір кем дүниесі», Төлен Әбдіковтің



«Тұғыр мен ғұмыры»,Таласбек Әсемқұловтың «Тал түсі», Асқар Алтайдың «Туажаты», Тұрсынжан Шапайдың «Қазақтың жаны» кітабы секілді кесек-кесек көркем шығармалар тәуелсіздік алғаннан кейін жарық көрді» емес пе? /Балжан Мұратқызы жүргізген сұхбаттан. «Халық сөзі», 31.08.2013 ж./

Барлық пікірлерден түйгеніміз: Кітап оқылады, оқылмайды. Оқитын кітап бар, оқитын кітап жоқ. Құлбек Ерғөбектің пікірінің жаны бар: Кеңес қоғамы тұсында, рас, кітап оқу бүкілхалықтық сипат алды. Есімізде хат-хабар күтіп, бүкіл ауыл адамдары почтаға алаңдайтын. Почташы келіп, хат, газет-журнал қолдарына тигеннен үйдің үлкен-кішілері үйге таза ауа кіргендей сезінетін. Ол кезде кітап қойшылардың қолтығында, газет-журнал етіктерінің қонышында жүретін.

Біздің замандастарымыз көзін кітаппен ашты. Кітапты көлеңкеде отырып алып оқитын. Етбетінен, шалқасынан жатып алып оқитын. «Қасқа-ау, көзіңнен не қалды, қоя тұрсай» деген сияқты дауыстар қазір естіле ме?

Ой, уақыт-ай, беті ашық-жабық кітап төсектің үстінде, жастықтың астында жататын. Көпшілік көліктерінде көп адамның қолында, қолтығында кітап жүретін. Пойызда, самолете. Бесік тербетіп отырып... Ал, қазір?..

Фантаст-жазушы Шоқан Әлімбаевпен бір бөлмеде жаттық. Жан-дүниесі аппақ, талантты жазушы еді. Өмірден ерте кетті. Қолынан кітап түспейтін. Кітап оқып отырып, әлсін-әлсін санын сабаалап қойып, рахаттанып күліп алатын. Қазір сондай оқырманды кездестіреміз бе?

«Жосалыдан Шымкентке дейін бір саркідір әйел мінді. Қазақша әрең сөйлейді. «Өзбек-ау» деп шамаладым. Таза қазақ екен. Ол кісі күнге кіргенде кітап оқып отырғанбыз. Көп ұзамай көз талды деп кітапты жоғарыға қойған едік. Біраз уақыттан соң апам әлгі кітабымды сұрап тұр. «Айн Ридті берші. Оқып көрейін деп едім.» «Бұл авторды қайдан білесіз?» «Үйдегі бала оқып жүр ғой.»

Қарагөз Сімәділ. Алматыдан Атырауға дейін. «Қазақ әдебиеті», 4.10.2013 жыл/



Алдыңғы оқырман мен соңғы оқырманды салыстырып көрейікші?

Қазір әлдекімнің қолынан кітап көрсек, қайран қалғандай көз тоқтататын болдық. Әнші қызымыз Жанар Айжанованың үйінде, жаюлы көрпенің үстінде ортасына дейін оқылған кітап етбетінен жатты. Жанардың анасының қолынан, жарықтық, осы күнге шейін кітап түспейді екен.

Алматы. Әл-Фараби мен Достық даңғылының қиылысындағы Ритц-Палас ауласында бір әйел адам кітап оқып отырды. Бұл маңайда жиырма жылдан астам уақыт тұрып келеміз. Кітап оқып отырған адамды менің осымен екінші рет кездестіруім. Жайлап қасына барып отырып, әңгімеге тарттым.

– Кітап оқып отыр екенсіз. Не кітап? Ол кітаптың сыртын көрсетті. Көзім алдамаса кітап «Революция Некст» деп аталады. Авторы Олег Никитич деген.

– Қазір кітап оқу қалды ғой. Аты-жөніңіз? – Лена Новикова.

Ашық әйел екен, әңгімеміз үйлесіп, кітап жайында аз-кем пікір алмастық.

– Интернет деген кісімен байланысыңыз қалай? «Интернет деген кісі» құлағына тосындау естілді ме, Лена бетіме ыңғайсыздау қарап:

– Ол кісімен жақсы доспын. Бірақ, кітаптың өзін оқығанға не жетсін, - деді.

5.09.2013 ж./

Кітап оқылады, кітап оқылмайды мәселесінің бір қайырлысы – кітаптың қадір-қасиеті. Жазушы Мархабат Байғұт кітаптың қадірі кетті деп күрсінеді. Бұл жай күрсінуге ме?

Аш жүріп, тоқ жүріп, біздің замандастар кітап жинады. Естіп-біліп жүрміз, өмірден озған олардың бірталайының кітапханалары тоз-тоз болып, кітаптары ұстағанның қолында, тістегеннің ауызында кеткен. Кінә – мұрагерлерінен. Көп қабатты үйлердің кіреберіс, шығаберісінен, қоқыс жәшігінің айналасынан қаншама кітапқа көзіміз түсті. Мархабат кітаптың қадір-қасиетін, бәлкім, осындай реттермен де ауызына алған шығар.

Біздің кітапқұмар замандастар кітап дүкенін көрсе, айналып өтпейтін. Ал, қазір?

Пушкин төсек тартып жатып, кітаптарына қарап: «қош, менің сүйікті достарым» («Прощай, мои любимые друзья») деп барып көз жұмған көрінеді.

Қадыр Мырза Әли марқұмның да кітапханасына қатты алаңдағаны баршаға аян.

Кітап. Кітап! «Кітап ақылына ақы сұрамайтын алып қазына».

Әлішер Науаи

«Мен одан артық қайырымды көршіні, одан әділ досты, одан асқан елгезек жолсерікті, одан артық көнбіс



1966 жылдан бастап 20 шілде Халықаралық шахмат күні ретінде тойланады. Бұл мереке 1924 жылы құрылған Әлемдік шахмат федерациясы шешімімен бекітілген. Оның тарихына үңілсек, мереке ойда жоқта пайда болған екен. Әлемдік шахмат федерациясы қалай да шахматты спорт деңгейіне көтеру үшін ойынға тиесілі күнді белгілеген көрінеді.

БҮКІЛӘЛЕМДІК ШАХМАТ КҮНІН БІЛЕСІЗ БЕ?

Ойынның аты парсы тілінен аударғанда «шах мат» – «билеуші өлді» деген мағынаны білдіреді. Бұл танымал ойынның отаны – Үндістан. Шахматтың прототипі чатуранга деген үндістандықтар ойнайтын ойын болған. Кезінде құмар ойындарға жатқызып аластатылған шахмат ойынының бұл күнде ғалымдар адам миының қалыпты жұмыс істеуіне пайдасы көп екенін дәлелдеген. Бұл ұлы ойынды жер шарының 25% тұрғыны ойнайды екен.

Бұл күні шахматшылар жиналып, түрлі мерекелер өткізеді. Нағыз ойынды көрсетіп, бір-бірімен бақ сынасады. Жеңімпаздар анықталып, марапатталады. Шахмат ойнау арқылы адамдар бір-бірімен танысып, ой бөліседі. Біріне-бірі білмегенін үйретіп, білгенін көрсетеді. Бұл нағыз мереке!

Осы күнді атап өту үрдісі Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана ұжымында жыл сайын өткізу қолға алынған. 2016 жылдың 16 шілдесінде салауатты



ұстазды, одан асқан дарынды ақылшыны білмеймін».

Әл-Жиһаз (Араб жазушысы, 767 ж.)

«Адамзаттың өмірінен әдебиетті алып тастаса, сықырлаған қару мен сыңғырлаған тиындар ғана қалады».

Андрей Битов

«Менің ақылшым кітап болды». Құралай Нұрқаділова. «Жұлдыздар отбасы»,№12, маусым, 2010 жыл.

Түптеп келгенде, дүниедегі ең ұлы құндылық – кітап болды.

Ендеше, сол ұлы құндылықтың төңірегінде неге неше түрлі әңгіме қозып кетті? Оқылады, оқылмайды жайында тағы не айтамыз?

Кеңес қоғамы тұсындағыдай кітап оқудан дүние жүзінде бірінші орында болмасақ та, кітап оқылады.

Осы жылдың (2013) жазында Ырғыз жаққа жолымыз түсіп, аудандық кітапханаға қайырыла кеткенбіз. Қашан кірсең де бұл кітапхана тап-тұйнақтай. Заманауи жаңа технологиямен жақсы жабдықталған. Оқырмандарға қатысты бір әңгіменің келе жағында кітапхана меңгерушісі Ракия Байманова:

– Басқа жақты білмеймін, бізде кітап жақсы оқылады, - деп, кім қашан алып, қашан қайтарды деген жазуы бар бірталай кітапты әкеп көрсетті. Және біздің өтіншімізді ескеріп, сол оқылған кітаптардың ішкі, сыртқы беттерін көшіріп берді. «Бұл не нәрсеге қажет болды?» деп сұраған жоқ. Кітап оқылады, оқылмайдының бір әңгімесі осы.

... Сонымен, бір кездегімен салыстырғанда мардымсыздау болғанымен, кітап оқылады екен. Ал, неге мардымсыз? Себеп? Не кедергі? Оған басты себеп – жылдан-жылға жаңарып жатқан жаңа техника, жаңа технология. Әне, қақ төрде теледидар. (Арнадан арна). Олжас (Сүлейменов) теледидар бізден кітапты тартып алды дегенге ұқсас пікір айтыпты деп естідік. Жайдан-жай айтпады-ау, сірә?

Кітап оқуға, иә, тағы не кедергі? Ноутбук, айпат, айфон, плеер. Сосын? Қалта телефоны (сотка). Қайда барма, қайда қарама – үлкеннің де, кішінің де қолында – сотка...

Ой, уақыт-ай, сонау жылдары пойызда екінің бірі кітап оқып отыратын, кітап оқып жататын. Соңғы жылдары пойызбен бірнеше қайтара жолға шықтың. Сонда байқағанымыз, кітап оқып отырған, кітап оқып жатқан бір үлкен-кішіні кездестірмедік. Қай жағымызға бұрылсақ та – сотка, ноутбук.

Жаңа техника, жаңа технология көнермей тұрмайды, жаңара береді. Оған кім қарсы? Қарсы болмағанымен, қалам ұстайтын, ұстамайтын кітапқұмарларда: жаңа технология кітап дүкендері мен кітапханаларды қи, тезек толы қора, сарайларға ұқсатып жібермес пе екен деген қауіп бар. Өйткені, қазір «кітапты қайтем, некерегімді интернеттен табам» дейтіндер шықты. А-ал, бұған сіз қандай уәж айтасыз, қадірлі оқырман? Ойбай, ана жақта сотка... соткам шырылдап жатыр.



РИОДА АЛТЫН ЖАУҒАН КҮН БОЛСЫН!

Адамзат атаулының алдында тұратын арман-тілектердің ең бастысы – білімді, салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу мақсатында жас жеткіншектің өскелең талабын қанағаттандыруда, рухани байлығын, жалпы ой-өрісін дамытуда, жоғары эстетикалық талап-талағамын қалыптастыруда ең үлкен де ұлы тәрбие құралы – кітап екендігін ұғындыру. Міне, осы мақсатта Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында қала тұрғындарының кітап оқуына және демалуына қолайлы жағдай жасау, кітап оқуға деген қоғамның қызығушылығын арттыру, балалардың жаз мезгіліндегі бос уақыттарын тиімді өткізу мақсатында сенбідегі ашық аспан астындағы жазғы кітап көрмелерін ұйымдастырып келеді. Кітап көрмесіне кітап қорынан алынған жаңа кітаптар, оқырман сұранымын қанағаттандыратын көркем әдебиеттер, әр жанрдан қызықты кітаптар оқырман назарына ұсынылған болатын. Олар жаздың жайма шуағында кітапты ғимараттың ішінде емес, таза ауада оқи алады. Кезекті кітап көрмелерінің бірі



қаламыздағы ең көрікті жерлердің бірі болып табылатын ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев атындағы саябақта және Ғазиза Жұбанова атындағы облыстық филармонияның саябағында Бразилияның Рио-де Жанейро қаласында өткелі отырған Жазғы олимпиада ойындарына орай «Жалында, Олимпиада алауы» атты кітап көрмесі қала тұрғындарына және қала қонақтарына, жалпы кітап сүйер қауымға арнап ұйымдастырған болатын.

Спорт саңлақтарын насихаттайтын Ө.Жолымбетовтың «Спорт әлемі», А.Кухаренконың. «Олимпийские игры», А.В.Савиннің. «Мировой футбол» т.б. кітаптары мен газет-журналдар, арнайы «Рио-2016» жинақтар топтамасы қойылған кітап көрмесімен бөлім меңгерушісі Бөлтекова Ләззат пен Есалинова Айнель таныстырып, жастарды кітап оқуға шақырды. Кітап көрмесін тамашалаған Ақтөбе облыстық мәдениет, спорт және ақпарат қызметкерлері кәсіподағы комитетінің төрайымы Табылдинова Назира Сәрсембайқызы кітапхана қызметкерлеріне алғысын білдіре отырып, «Спортшыларымыз көк байрағымызды биікке желбіретіп, еліміздің Әнұранын асқақтату арқылы азаматтардың, балалар мен жасөспірімдердің отансүйгіштік сезімін қалыптастырады деген ойдамын», – деп өз тілегін білдірсе, мәдениет қайраткері Еркін Жолмырзаұлы және қаламыздың зиялы қауым өкілдері спортшыларымызға сәттілік тіледі.

Спорт деген бір сиқыр дүние. Адам баласының жүрегін жаулап алатын спорттың сиқырлығына таңғалмасқа шара жоқ. Соның ішінде бокстың орны бөлек. Биылғы Рио Олимпиадасына боксшыларымыз алғаш рет толық құрамда қатысқалы отыр. Бұл жолғы ұлттық құрамадағы ең жасы үлкен боксшы 32 жастағы Біржан Жақыпов болса, ең кішісі – 19 жастағы Абылайхан Жүсіпов. Олимпиада ойындарына арналып 2488 медаль жасалған. Медальдарға жүлдегерлер есімі жазылатын болады. Ендеше өз есімі жазылған, ел намысын қорғайтын медаль иелерінен күтер үмітіз көп.

Г.БОПИЛОВА

Захра МАХАНОВА

Биыл жыл соңына қарай екі үлкен дата атап өтіледі. Бірінен екіншісі туындаған аса маңызды оқиғалардың алғашқысы – мызғымастай көрінген социалистік лагерь елдерінің басты ұйтқысы боп тұрған алып та қуатты кеңес империясының іргесін шайқалтқан қазақ жастарының көтерілісі. Оған алдағы желтоқсанда отыз жыл толады. Келесісі – тоталитарлық жүйенің көбесі сөгілгі нәтижесіндекөгеннен босап, азаттықпен қауышқан елдер қатарында, біздің еліміздің де мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізуі. Биыл жиырма бес жылдығы тойланатын осынау тарихи оқиға қаралы да қастерлі жастар толқуы басталған күннен тура бес жыл өткенде болды. Екеуі де қазақ тарихының мән-маңызы ерекше, елеулі белестері. Қалай қарсы алар екенбіз?

ОТЫЗ ЖЫЛ БҰРЫНҒЫ ҚОС ЖАЗБА...

Жалынды жастарды ұлттық намыс алаңға алып шыққан сонау қаһарлы күндергі оқиғаның бейбіт шеру түрінде қалай басталып, қалай көтеріліс сипатына енгені бүгінде баршаға белгілі. Дегенмен, қағаздарымның қасында сақталып қалған екі жазба негізінде сол күндерді тағы есіме түсіріп отырмын.

Бірі – жастар демонстрациясына қатысқан Асхат Құрманбекұлы Белтаев деген азаматтың бертінде, көтерілістің жиырма жылдығы қарсаңында, «Ұлт тағдыры» қозғалысы басқармасына әкеп тапсырған хаты. Хатында ол 1986 жылғы 17 желтоқсанда түстен кейін жолдастарымен бірге Алматыдағы Жаңа (Брежнев атындағы) алаңға келгендерінде өздері куә болған оқиғаларды баян еткен. Әскерилер, милиционерлер мен халық жасақшылары жастарды «алаңға жібермей қуалап, ұрып–соғып, құлағандарды сүйреп әкетіп жатыр екен». Солар бейбіт қыз-жігітті «тұяқ серіппейтін қойдай көріп басынып бара жатқаннан кейін» бұлар да қарсы әрекетке көмеді. Жасақшылардың «кейбіреулерінің қолындағы қаруларын тартып алып, қарсыласуға тура келді» дейді ол. Содан, өкімет сақшыларымен шайқасудың бірер үрейлі сәтін бастан өткеріп, Асхат, ақыры,қас қарайғанда қасындағы екі жолдасымен жатақханаға қайтпақ болады. «Сол кезде Сәтбаев көшесіне жарықтарын сөндіріп тастаған автобустар келіп тоқтап, ішінен шыққандар тротуарға сапқа тұрып жатты». Бұлар көшенің қарама-қарсы жағынан қарап тұрды. «Окружаем!» деген бұйрықты естіп», олардың жасақшылар екенін түсінді. Жасақшылар «Сәтбаев көшесіндегі қыз-жігіттерді арт жағынан қоршап алды. Алаң жақтан күшті прожекторлар айкастыра жарық түсіріп, жарқылдап жатты. Дауыс зорайтқыш қосылды да: «Жастар, сендерді мұнда нашақорлар мен маскүнемдер бастап келді...» деген сөздер естілді. Алаң жақ у-шу, азан-қазан дауыстарға толды. Сөйлеушінің сөзін қыздардың шыңғырған дауыстары басып кетті. ...Біз жатақханамызға қарай кеттік». Олар жолда аяғы зақымдалған құрбыларынан екі жағынан сүйемелдеп әрең жүріп бара жатқан қыздарды көріп, автобуспенәуруханаға жеткізіп салады. Ал өздері қайтқаннан кейін «алаңда не болғанын ертеңіне естідік» дейді ол. Қоршаудан қашып құтылған жігіттердің айтуынша, «алаңға жастардың бәрін өткізіп жіберіп, қоршап алған соң, солдаттар оларды күрекпен, темірмен, дубинкалармен ұра бастаған. Кейбір жігіттер солдаттардың суық қаруларын тартып алып, өздеріне сілтепті. Сонда әскерилер қарсылық көрсеткендерді аяусыз ұрып-соғып, тепкілеген, машиналарға тиеп, қаланың сыртына апарып тастаған» көрінеді. Сондай қатыгездіктің салдарынан көп жас мүгедек болып қалған. Оқиға басылғаннан кейін жұмыстан, оқудан, жатақханалардан шығарып қана қоймай, «үндеріңді шығармаңдар, көздеріңді жоғалтыңдар, қаладан кетіңдер, өйтпесеңдер соттаймыз» деп қорқытып, астанадан кетуге мәжбүрледі емес пе. Жатақханалар қаңырап бас қалды».Осыларды айта келе, желтоқсаншы жігіт хатын былай аяқтапты: «Сіздер түсініңіздер, Желтоқсан оқиғасына қатысқандардың бәріне бірдей үй, ақша емес керегі. Бізге керегі – шынайы шындық. Әлі күнге дейін өзіміздің тіліміз, өзіміздің шындығымыз, өзіміздің құқығымыз ұлттық сипатта емес. Мені қазір ойландыратын нәрсе – біздің істей алмағандарымыз балаларымызға салмақ болмай ма, әйтпесе, тіпті, немерелеріміз мәңгүрт болып кете ме деп қауіптенемін».

Асхатты оқиғадан жиырма жыл өткеннен кейін де толғандырған жәйтті менің қолымдағы екінші айғақ– сол дүбірлі желтоқсан күндері жоғарғы жақтарға жолданған хаттардың бірі толықтығыр түр еді. Дұрысында, хаттың түпнұсқасы емес, жолма-жол тәржімесі. Оның менің қолымға тиі сыры мынадай. Оқиға кезінде Жоғарғы Кеңес Төралқасының аппаратына түскен хаттардың біреуін тез орысшалап беру маған тапсырылды. Төралқа Төрағасы тосып отыр, шұғыл жасап, тікелей өзіне апарып беруім керек делінді. Машинақалаған жолма-жол тәржімемніңбірінші данасын түпнұсқамен бірге Төрағаға алып кірдім. Ол аударманы көз жүгіртіп шолып шықты. Көңісіз үнмен «іздеп табады ғой» дей салды. Білау аяусымды кісінің, сыр бермегенмен, қобалжұлы екенін аңдадым. (Тағы бірнеше күннен кейін мен оның алдына өзімнің аппарат партия жиналысында сөйлеген «бейсаяси» сөзімүшін «ұлтшыл»атанып, басыма бұлт үйрілген жағдайына байланысты бардым, сонда ол кісі менің сөзімнің мәтінін талдай отырып, ахуалдыңауырлығын, жоғары лауазымдағы жауапты қызметкерлердің Мәскеудің бақылауында екенін айтып қалды.) Хаттың тәржімесі арнайы органға жіберілетін шығар деп іштей ойладым. Солай болды ма, жоқ па – білмеймін, бәлкім, келешекте сол хат зерттеушілерге кезігер, сәті түссе, тағдырын анықтар, хат иесіне,егер кеңестік құпия полиция оны тапқан болса, қандай шара қолданылғанын шамалар. Әлде аноним авторды іздеп тапқаннан бұрын демократиялық өзгерістер орнап үлгерді ме екен? Бәлкім, хат иесін іздестру жұмысы аяғына жеткізілмеген де шығар...

Соңына «Салеммен, Сарқ,...» деп жазылған, іс жүзінде авторы анық көрсетілмеген, республика парламенті басшысына 1986 жылғы желтоқсан көтеріліс күндері жолданған хаттың менің қолымда сақталып қалған жолма-жол тәржімесі мынау: «Уважаемый товарищ Мукашев Саламат. Я беспокою вас по нескольким причинам. Во-первых,в нашем Казахстане два города – два областных центра несут имена презренных царей. Царство не принесло ничего кроме гнета и эксплуатации. А мы увековечиваем имена этих ненавистных эксплуататоров.А разве это не означает то, что мы поддерживаем колонизаторскую политику царского правительства. Не означает ли это самоунижение.Мы на своей землеисовержаем такое предательство. А ведь эти города имеют же древние казахские названия. Петропавловск – это наш Кызылжар, Павлодар – наш Кереку. Должны же носить эти названия. Или мы боимся называть так. Боимся говорить на своем языке, боимся придерживаться национальных обычаев. Поскольку произведены на свет божьи, приниженно ходим с желанием лишь бы жить. Не используем подходящие для себя положения революции и национальной политики великого Ленина. Боимся даже пользоваться статьями Конституции. Поэтому уходит в небытие само название казах. Ведь как можно назвать того, не знающего казахского языка, казахом. Это ведь не казах, а маззах, дразниловка, объект смеха. Объект обидной дразни, иронии для других национальностей. Язык – это мысль народа, самое драгоценное, самое дорогое его богатство. А находитети стыдятся говорить по-казахски, и даже не знают. Это определило неверное правление нашего руководства. Вместе того, чтобы поднимать собственный народ, его жепринижают. Теряется перед другими национальностями и само по себе оказывается под ногами. В страхе перед «великим» народом, потеряли и языка. Конечно и они знают унижать кого. Мы так и готовы упасть перед ними, и впредь будем, наверное, падать. Потому что ни в одном высшем учебном заведении не проводится учебена казахском языке(несколько институтов в Алма-Ате не в счет – если смотреть в рамках республики), можно сказать, что отсутствуют казахские детские сады. А ведь если не учить человека своему языку с детских лет, невозможно потом научить. Самое правильное, в каждой республике должен быть государственным языком – язык основной, коренной национальности. Все собрания, съезды, конференции надо проводить на своем языке. Государственное делопроизводство должно вестись на казахском языке. Только тогда все пятнадцать республик, составляющие Советский Союз, смогут постичь завоевания национальной политики великого Ленина. Потому что Ленин говорил так: «Мы воспитываем массы в духе отрицания государственных привилегий какой бы то ни было нации». А в нынешней обстановке по всей стране русский язык стал обязательным государственным языком (разве одно это не привилегия?). Есть равенство на словах, на деле нет никакого равенства. Наша свобода потеряна с тех пор, какприсоединились к России. Наша свобода осталась под сапогами русских казаков. Потому что многие нынешние русские ведь являются потомками тех казаков. Их отцы, стоило одному казаху войти в их деревню, загоняли их собаками и убивали. Зная подобные вещи, о какой дружбе можно говорить? О какой свободе? Главной целью русского царства было уничтожение казахов как национальности. Поэтому оно открывало русские школы, хотело, чтобы казахские дети забыли своего языка и стали русскими. А мы называем это прогрессивным проявлением. Тех казахов, которые хотели сохранить своего языка, называли «невеждами». А они были настоящими патриотами. Если говорить в общем, История СССР (которая обучается в школе) разве не является полностью историей России? Это ведь история русского царства. А где история



собственной нашей страны? Отчего мы обязаны знать жизнедеятельность русских царей, и не знать жизнедеятельность казахских ханов? Почему все наши крупные библиотеки названы именами русских писателей? Почему имена наших великих акынов и певцов не присвоеныникуда? Когда думаешь обо всем этом, становится больно. Важной задачей нашего времени является увеличение численности казахов. Для этого необходимо создать условия для приезда казахов из-за рубежа (особенно из Китая и Монголии). Или надо позвать братьев из России, Узбекистана, Туркменин. В этом отношении много работ образцовых проводится в Армянской ССР. Армяне, никого не страшась, способствуют приезду своих братьев из зарубежных стран. Настоящие патристические люди. Они умеют сохранять свою национальность. Поэтому и уважают армян. Когда я пишу это письмо, слышу, постоянно в разных местах случаются стычки между русскими и казахами. Это обострение с каждым днем возрастает. В такое время, когда возросло национальное самосознание нашего народа, необходимо предпринять правильные меры. Например, если в Рудном казахов 3 процента, следовательно, 97 процентов русских. Как это можно называть Казахстаном. Когда в республике будет 80-90 процентов казахов, это будет Казахстаном. Под лозунгом освоения целины, покoreния космоса наша земля обжита столькими русскими. Как бы мы ни скрывали национального вопроса, этот вопрос ныне очень обострилось, наболело. Возможно этого не знает руководство республики. Но мы – простые казахи – этого глубоко поняли. Необходимо принимать энергичные меры, не направляя это письмо туда-сюда, и в конце концов не теряя. Если даже исчезнет это письмо, не исчезнет проблема. Недовольство нарастает. Не почувствует это лишь человек слепой и глухой. Не надо ждть обострения обстановки и движения народа, надо думать о народной нужде. С приветом Сарқ...».

Сексен алтыншы жылдың желтоқсанындағы қаһарлы күндер жөнінде толқи отырып жазған хатында белгісіз автор, аңғарғаныңыздай, көп көңілдегі, бірақ соған дейін ешкім ашық айтпаған мәселелерді көтерген еді. Халқымызға езгі мен қанаудан басқа түк те жемлеген «қарғыс атқан патшалар» естімімен Қазақстанда екі облыс орталығының аталатынын еске салып, олардың ежелгі қазақы атауларын қайтармауымыз – патша үкіметінің отарлау саясатын қолдайтынымыздың белгісі емес пе деген сауал тастаған. Мұндай жағдайдың сақталуы өзімізді өзіміз кемсітіп, қорлауымыз болып табылмас па екен депкынжыла келе, өз халқымызға біз осындай сатқындық жасап отырмыз деп түйген. Себебін іздеген. Сөйтіп ол хатында жер-суымызды қазақша атауға қорқамыз, өз тілімізде сөйлеуге қорқамыз, ұлттық әдет-ғұрыптарымызды сақтауға қорқамыз деп күйінген. Күйіне келе, «революция қағидаларының, ұлы Лениннің ұлт саясатының» ұлттық мүддемізге сәйкес келетін ережелерін пайдаланбаймыз, тіпті Конституцияның ұлт мүддесін қорғайтын баптарын қолдануға қорқамыз дейді. Сондай жасқаншақтығымыздың салдарынан қазақтың өзі де жоғалып барады деген қорытындыға келеді. Сосын ұлт тілі тағдырына тоқталады. Тілдің халықтың ақыл-ойы, ең құнды, ең қымбат байлығы екенін айта келе, қазір балаларымыз қазақша сөйлеуге ұялатынды шығарды, тіпті білмейді де, ал қазақ тілін білмейтінді қалай қазақ деуге болады деп күдер үзе сөйлейді. «Ұлы халық» алдындағы үрей салдарынан тілімізді жоғалту алдында тұрғанымызды, іс жүзінде ұлттар теңдігіне қол жеткізбегенімізді өмірдегі мысалдар аңқылы талдайды. Мұндай жағдайға ұшырауымыздың себебін біздің басшылығымыздың өз халқын көтерудің орнына, төменшіктетіп, елді бұрыс басқаруында жатыр деп санайды. Сөйт елдердегі ағайындарға есік ашу керек дейді, бұл орайда армяндарды үлгі етеді. Жергілікті негізгі халықтың тілі мемлекеттік мәртебе алуға тиістігін, барша жын біткен сол мемлекеттік тілде өткізілуі керектігін, сонда ғана лениндік ұлт саясаты көздеген бйікке Совет Одағын құрайтын он бес республиканың да жете алатынынайтады. Өзі жолдап отырған осы хатты онда-мұнда жіберіп әуреге түскеннен, сөйтіп ақырында жоғалтып тынғаннан гөрі, шиеленісіп бара жатқан ұлттықмәселені, халықтың муң-мұқтаждықтыарын шешу жолдарын ойластырған жөн болмағын айтады. Хат жоғалғанмен, өзекті ұлт мәселесі жоғалмайды деп қорытады...

Міне, осылай. Біліктің отаршылдық ұсқынын айқын көрсетіп, отар елде деректі күшпен,әскерилердің қатысуымен жүргізген жазалау, бағындыру, жуасуыту шараларын еске салған және отаршыл өкіметтің ұлт мәселесін жылы жауып қойып, республикамыздағы жағдайды шиеленіске тірегенін айтқан екі жазба. Екі жазбаны да өмірге әкелген бір сөзім, баршамызға ортақ болуға тиіс қазақ ұлтының мүддесі, ортақ тілек, әр азаматтың кеудесін кернеген ұлттық намыс...

ОТЫЗ ЖЫЛҒА ТАҚАЛҒАНДА...

Желтоқсан көтерілісінің дұрыстығы мойындалып, қайғылы іздеріне құрметпен қарай бастаған шақта Тәуелсіздік декларациясы қабылданды. Одан бір жыл өте, мемлекеттік тәуелсіздігіміз жарияланды. Егемен ел болғанымызға, міне, биыл жиырма бесінші жыл. Ширек ғасырға тақалған осынша уақыт бойы еліміз қызы оқиғаға толы даму жолынан өтті. Экономикалық реформалар жүргізілді, қоғамдық меншік атаулыны жеке меншік ығыстырды. Базар экономикасын жасау жолындағы жақсылы-жаманды өзгерістер ел өмірін күрт өзгертті, жанартты, жақсартты. Әлемдік деңгейде танылдық, Демократияның салтанат құруына өлеусіз зор үлес қосқан желтоқсаншылардың жанкештіліктері құрметіне ескерткіш тұрғызғанбыз. Бүгінде олардың бірнеше қоғамдық бірлестігі бар, жұртшылықпен кездесулер өткізеді, түрлі мәселеге өз көзқарастарын білдіріп, үн қосып жатады. Және сол Сексен алтыдағы көтеріліске саяси баға берілуі қажеттігін де әрәдік еске салып қояды. Сондайда көкейге бұл тарихи толқу шынымен де шыққан биіктеріміздің көлеңкесінде қала берер ме екен деген ой оралады.Осы ой жоғарыдағы хаттар мазмұнына тағы бір үңілтті. Бұлардың отыз жылдан кейін де толқытуының сырынұққым

келді.Қызығы, бұлар менің өзімнің де сол шақтағы ойларыммен бір арнада тоғысып жатыр еді, шамасы, мәселе сол бір үндестікте жатқан шығар деп ұйғардым.

Оқиғадан кейін араға бір апта салып өткен Жоғарғы Кеңес Төралқасы аппаратының партия жиналысында мен оқиға күндері елге қорған болуға тиіс милицияның,жан-жақтан әкелінген әскердің жазалаушылар мен жуасуытушылар деңгейіндегі әрекеттерін сынға алған едім. Ал жастар қозғалысын туғызған себептердің қатарында қазақ тілінің мүшкіл жағдайын ауызға алғанмын.Оның орыс тілді мектептерде тек қазақ балалары үшін ғана, оның өзінде сауат ашуға

АЙТУЛЫ КҮНДЕРДІ ҚАЛАЙ ҚАРСЫ АЛАР ЕКЕНБІЗ...

да жарамайтын деңгейде, формальді түрде өткізілетініне қынжылғанмын, жас ұрпаққа интернационалдық тәрбие берудегі маңызды шараны республика оқу органдарының осылайша бұзып,дұрыс жүргізбей отырғанын айтқанмын. Жалпы, барша қызметкерлер мен адамдар санасында бір-біріне қарама-қарсы сөзімдердің – ұлттық сипатты көрсететін ұлттылық пен ұлттық шектелу белгісі тәрізді ұлтшылдықтың, отансүйгіштікті білдіретін патриотизм мен шектен шыққан ұлттық астамшылық көрінісі ретіндегі шовинизмнің, ұлттар арасындағы достық ретінде түсінілетін интернационализм мен ұлттық тамыр атаулыны мойындамайтын космополитизмнің арасына теңдік белгісі қойылып кетуінен өкініш білдіргенболатынмын. Өкіметтің ұлт мәселесін жылы жауып қойғанын жоғарыда жолма-жол тәржімесі келтірілген хат иесі де атаған. Сол кезгі ұстанымға сай ол да, мен де тал қармағандай боп, революция мен ұлы көсемге жүгінген екенбіз.

Баршамызға мәлім, 1985 жылғы көктемнен өмірімізге Жеделдету, Жариялылық, Қайта құру сынды ұрандар ене бастаған, алайда сөз бен істің алшақтығы 1986 жылы Алматыда басталып, еліміздің көп өңірін шарпыған Желтоқсан көтерілісін туғызды. Қасіретті оқиғаны «Кіші Отыз жетінші жыл» науқанына ұластырды. Науқан билеуші партия 1987 жылдың қаңтарында қайта құруды жаңа мемлекеттік идеология ретінде жариялағанда да бірден басыла қоймады. Дегенмен, біршама уақыт өткен соң, біздің республикамызда да демократия лебі есіп, жаңа саясат ашық алаңға шықты. Желтоқсан мәселесі бүкілодақтық халық депутаттары съезінде көтерілді. Сотталған желтоқсаншылардың алды орала бастады. Тіл жөнінде заң қабылданды. Көңіл жадырап, ел ішінде серпіліс туды. Қазақ мектептері желісі көбейді. Одан тәуелсіздік келді. Елдік мұраттар жасалып айтылып, жабық боп келген тарих беттері зерттеуге түсті. Жазықсыз жазаланған ардақты есімдердіақтап, ұлықтауға кірістік. Не керек, ұлттық рухты асқақтатып, азаттықтыңғажайып мүмкіндіктеріне сүйсінетін тамаша кезең өріс алды.

Сосын көңіл құлазытатын бастамалар көтерілді. Бұлар қазақша сауаттары ашылмаған, тиісінше, ұлттық мүддеден мақұрым, есесіне орыстың тілі мен мәдениетін еркін меңгергендіктерін мақтан ететін, өздерін әлем азаматтары қатарында санайтын, ашығын айтқанда, патшалық және кеңестік империялар қилы амал қолданып жүргізген пәрменді орыстандыру саясатының құрбандары болып табылатын топтар тарапынан көтерілді. Олар социализм арбасынан лып етіп капитализм арғымағына ауысып мінген де, базар сұранысына сәйкес келетін, қоғамымыздың келешегі іспеттенген жаңа тұрпатты кәсіпкерлер дәрежесіне жетіп алған. Міне солар әуелі паспорттағы ұлт туралы графаны алып тастауға шақырды. Олардың ойынша, біздің елімізде тұратын әркім үшін ұлтын мемлекет атауына сәйкестендіріп, қазақстандық деп көрсету керек көрінеді. Жұрт дүр сілкініп, мұндай шалдыр-батпаққа тосқауыл қойған. Алайда әлгі әлем азаматтарының мойымай жүргізген лоббистік әрекеттерінің әсері ме екен, Халық ассамблеясы осы «қазақстандық ұлт» аталу идеясын ел бірлігін қамтамасыз етеді деп санап, арнайы доктрина жобасын жария етті. Дәйексіз, залалды құжат ретінде, бұл да жұртшылықтың елеулі қарсылығын туғызды. Сол шақтағы жағдайға орай, көпнен бірге маған да әрәдік өз пікірімдібілдіруге тура келген. Өзектілігін бүгін де жоғалпаған сондағы жазбаларымның бірі мынау еді...

ЕЛ БІРЛІГІНІҢ ШАРТТАРЫН ДӘЛ АЖЫРАТАЙЫҚ

«Қазақстанның ел бірлігі доктринасы» жобасына мыңдаған адам қарсылығын білдіріп, Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа Ашық хат жолдаған еді, ал ақын және ұлт қайраткері Мұхтар Шаханов бастаған көптеген азаматтың билік пен жұртшылық назарын осынау өзекті мәселеге тағы бір мәрте аударып, бұдан бұрынғы Тіл акциясы мен Ашық хатта көтерілген мәселелерді шешу сиырқұйымшақатылғанын жағдайда өздерінің атақты азаматты көтерілісі басталған 17 желтоқсан күні аштық жариялайтындарын мәлімдеді.

Мұның ешқандай да жайбарақат қарауға болмайтын ахуал екені кәміл. Бірақ оған біз білетін биліктің аса жан ауырта қоймайтыны, тіптен мүлдем жайбарақат қарайтыны анық. Оны айтасыз-ау, керек десеңіз, тіпті, қит үреді, керуен көшедінің» керін келтіруі әбден ықтимал. Әлдекімдер аштық жариялады екен деп, алған бағытынан соған бола қайта бермейтінін билік басындағылар көптен көрсетіп келеді. «Аштықпен қорқытып, айтқанын орындатуға тырысу – біздің халқымыздың әдетінде жоқ қылық» деген желеумен, азаматтардың сондай соңғы тұяқ серпуге барып, өлімге бас тігуіне өкімет пысқырып та қарамайды. Ондай көзқарасына талай мәрте куә болғанбыз. Шетін шешімін жария етіп, арнайы мәлімдеме жасаушылардың мемлекеттік маңызы жоғары мәселені күні кеше, тіл акциясында көтергеніне де елеңдемеген. Соны еске алғанда, билік тап осы жолы да сексене қояр, ұялар, қандай да бір оң шара алар деп ойламаймын...

Мен өз басым аштық акциясының орын алмауын қалаймын. Яғни өкіметтің, дегенмен, аштық акциясының алдын алуын қалаймын. Сондықтан да биліктің бар тармағындағы, әсіресе парламенттегі азаматтарға, көпшілік көңілінен шықпай отырған жобаны қабыл алған Ассамблея мүшелеріне, бүгінде оны қолдап, жер-жерде үгіт-насихат жұмысына білек сыбана кірісіп кеткен белсенділерге қаратып өз ойымды айтуды және мемлекеттік билікке де, барша ел тұрғындарына да тиімді ұсыныс білдіруді мақұл көріп отырым.

Биліктегі, билік тармақтарына тақау буындардағы, ықпалды қоғамдық ұйымдардағы мырзалар мен ханындар, егер олар шын мәнінде адал мемлекетшіл болса, тарихи әділеттілік мәселелерін парықтауға шынымен ықыласты болса, Қазақ Елі алдындағы азаматтық парызын айқындап алудан бастартпайтын болса, шынымен де туған халқы мен елінің қазіргі және болашақ тағдырына алаңдап, жаны ашитын болса, мына жәйтке тереңірек ой жүгіртуін қалар едім...

Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысы мен жиырмасыншы ғасырдың басында қазақ жеріне жұмыс істеуге келген империя чиновниктерінің мынандай жәйттер тұжырымдалған катехизисі болды:

1) отарлардағы чиновниктер өздерін орыс элементтері енді-енді ғана енгізіліп келе жатқан Азияда тұрамыз демей, азиялық көне ғұрыптар мен әдеп-әдеттер әлі де уақытша сақталулы орыс аймағында өмір сүріп келеміз деп санауға тиіс;

2) барлық жерде орыс аты мен орыс мүддесі жетекші орында тұруға тиіс, қазақтарды орыс атымен аталатынның бәріне құрметпен қарайтын рухта ұстау керек;

3) қазақтар оларды жақын болашақта, тіпті мұсылман дініне сенетін болып қалса да, кәдімгі орыс шаруалары жасалатын материал ретінде ғана қызықтыруға тиіс;

4) қазақтарға берілер жол біреу ғана – не жалпыимпериялық азаматтық үлгіде орыстармен сіңісіп кету, не жойылып-жоғалу;

5) егер бұған бағынбауды ойға алатындары бола қалса, олар не жер-суы жоқ қайырышы боп, өліп таусылады, не Россия олармен ат-құйрығын үзіседі;

б) мұның бәрін отар чиновнигі әрдайым миында ұстау керек, артық-ауыс әңгіме қозғамай, дабыралатпай, іштей ғана біліп, табанды түрде жүзеге асыруға тиіс.

Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ

(Жалғасы бар)

(Соңы. Басы өткен сандарда)

«Шұбар» атты колхоз ауылы адамдарының материалдық және рухани мәдениетіндегі өсіп-өркендеу жетістіктерін жүзеге асыру жолында түндері мен күндерін тынымсыз еңбекпен өткізген, сергек көңілдің, серпінді қимылдың, шешімді іс-әрекеттің иесі Хақназардың әдеби кейіпкер тұғырындағы тұлғалануында өмір шындығы мен көркем шындық поэтикасы тұтастығы үйлесімді өрілген. Басты кейіпкердің көркем шындық поэтикасымен даралануында оның оқырман назарына әуелгі көрінуінде де халықтық байырғы көзқарас желісі назарға алынғанын байқаймыз:

«Көше ортасымен түн жамылып, бір адам жаймен қозғалып келеді. Есік, терезелерінен ұйқыдағы адамдардың қорылы білінетіндей әр үйге мойнын бұрып, үңіле қарайды. Кейбіреуіне әдейі кідіріп, жақындап барып, шарбағына асылып, ауласын бақылап, біраз тың тыңдағандай тұрады.

... Басын кекжите жоғары қарауынан бұл бейтаныстың осы жүрісінің ешкімнен жасырын емес екені аңғарылады. Ұры-қары бүйтіп баса-көктеп, төбеден қарауды әдет қыла алмас еді. ...Әр үйдің түр-тұлғасын, сырт нобайын, ауласын тегіс көз өлшемінен өткізіп барып, ары жылжиды. Кейбіріне біраз бөгелеңдейді де». (Доспанбетов Ұ. Шың мен шыңырау: Роман. – Алматы: Қайнар, 2009. – 1-кітап. – 320 б.; 14-15-беттер).

Басты кейіпкер – шығарманың идеялық-композициялық желісіндегі, сюжеттік бөліктердегі оқиғалардың негізгі дәнекері. Романның құрылысындағы оқиғалардың ортасында көрінетін басты кейіпкер Хақназардың көркем жинақталған тұлғасынан оның мінез-құлық психологиясы, өзіндік дара қасиет ерекшеліктері айқындалған.

XX ғасырдың 50-жылдарының бас кезінде ұсақ шаруашылықтарды ірілендіру туралы Қазақстан үкіметінің қаулысына орай көршілес, «Шұбар», «Жаңалық», «Қызылту» колхоздары біріктіріліп, халықтың және жоғары басшылықтың қалауымен Хақназар ұлғайған шаруашылықтың басшысы болып сайланады. Басты кейіпкердің еңбек ұжымын іске жұмылдырудағы өзіндік мәнері оқырманның көз алдына айқын елестетіледі:

«Бүкіл колхоздың тізгіні өз қолына тигесін Хақназар мүлдем бүлінді. Енді бүкіл ауыл-аймақ жаз бойы сонау кемерге балағын тігіп отыратын болды. Сушылар суды жайып қойып, борозда басында ұйықтап жүрді. Таң алақбөбен тартқаннан-ақ Хақназардың өзі бастап, бәрін оятып таңертеңгі шайға дейін баршасы өңдірте жұмыс істейтін. Қызылшаның шөптелуі, тазалануы, астық ору, шөп шауып, шөмеле салу, маялау – бәрі осы тәртіп, осы қарқынмен жүргізілді. Қол күшін неғұрлым толық пайдалану үшін еңкейген көрілерге дейін қозғалысқа келтірілді. «Колхоздың жұмысына шамаларың келмесе, еңғұрмаса балаң мен келініңнің үш мезгіл шайын, ас-ауқатын дәл мезгілінде дайындап отырыңдар!» – дегенді әрбір кемпір-шалға өзі барып айтып жүрді.

...Ал соның бәрі Хақназардың тап өзіне өлшеп-пішкен киімдей қона кетті. Тіпті тігісі де жатық» (69-бет).

Басты кейіпкердің халықтың ортақ бақыты үшін жан аямайтын тынымсыз еңбек ететінін оның өмір кезеңдеріндегі оқиғалар дәлелдейді.

Романның композициясында бас кейіпкердің оңашада өткен өмір кезеңдері оқиғаларын қазіргі тіршілік қозғалыстарымен сабақтастыра ойланған бір сәтінде оның қат-қабат қиындықтар құрсауында өскен, ержеткен жолдарын көреміз («Шыр етіп өзі дүниеге келген сонау Малайсары тауының етегінде ес білген шағы. Ашаршылықтан өлген әке, шеше. Хақназардың өз қара басын сақтап қалған қай Құдай? Малайсары маңында төрт жасар шағында түлдыр жетім қалған мұны осы жаққа біреулер алып келіпті. Күн жақсыда бала қылуды да ниет еткен шамасы. Бірақ байтал түгіл бас қайғы деп, олар мұны бір жерге тастап кетіпті. Олардың кім екенін бұл әлі күнге білмейді», 118-бет). Бас кейіпкер өмірінің осы романдағы оқиғаларға дейінгі кезеңдері деректерін (осы ауылдағы Лағыл деген әйелдің апа болып асырағанын, тоғыз жасында орыстарға жалданып, қорек таба бастағанын, бұдан кейін бір қазақ байының қойын баққанын, 1928 жылы Түркістан–Сібір теміржолын салушылар қатарына қосылғанын, тапқан ақшасына сатып алған жалғыз торы атымен келіп осы Шұбар ауылының колхоз болып ұйысуы кезінде белсене араласқанын авторлық баяндау арқылы білеміз.

«Түркісбітен келген жұмысшы, жалғыз атын ортақ меншікке өткізіп, колхозға кіруге тілек білдірушілердің бірі Хақназар бейнесі» (73-бет) көршілес ауылдардағы орыс жұмықтарына барып «біреуден бір уыс, екіншісінен екі уыс бидай сұрап, бір жарым пұттай дән» (72-73-беттер) жинап оны арқалап, жолдағы аштардың шабуылынан аман қалып, жиырма бес шақырымдай жердегі Шұбар ауылына жеткізгені айтылады. Хақназар одан кейін шаруашылықты ұйымдастыру, халықтың әл-ауқатын жақсарту жұмыстарының бәрінде де қарапайым халықтың сеніміне лайықты еңбек етеді. Шаруашылықтардың ірілендірілген жаңа ұжымын басқаруға да оны ұйғаруда да жеке басының бақытын ұжымның ортақ тұрмысы жолына арнаған азаматтың еңбек жемістері ескерілгенін байқаймыз.

ҚАЗАҚТЫҢ КӨРНЕКТІ ЖАЗУШЫСЫ ҰЗАҚБАЙ ДОСПАНБЕТОВ — 75 ЖАСТА

АДАМТАНУ СҮРЕТКЕРІ

Романның сюжеттік-композициялық желісіндегі негізгі қақтығыстар, қайшылықтар Хақназардың еңбек ұжымын ұйымдастырудағы, басқарудағы дағдыларымен, мінез-құлық, психологиясымен үйлеспейтін адамдарға байланысты туындайды. Қақтығыстардың бір желісі бұрынғы ұсақ колхоздардың басшылары Әліпбай Дәкеновпен, Ауқынбаймен және басқа да кейіпкерлер (Тұрдыақын, т.б.) арасындағы қарым-қатынастардан байқалады. Әсіресе, біріккен шаруашылыққа төраға болмаса да, көршілес «Көкорай колхозын басқаруға тағайындалған сауатты Әліпбай Дәкенов сауаты төмен Хақназардың өзінен озық болып кетпеніне ішкі қызғанышын білдірумен жүреді. Ал, ірілендірілген шаруашылықтың, басшысы Хақназардың бұрынғы «Шұбар», «Жаңалық», «Қызылту» колхоздарының ескі орталықтарын бұзып, қала үлгісіндегі жаңа қоныс-мекен салатыны туралы қарқынды ісіне бұрынғы «Жаңалық» колхозында қой шаруашылығын басқарған Тұрдыақын қарсы болады. Себебі авторлық баяндау бойынша: «Тұрдыақынның көкірегіндегі қыжылдың түп-төркіні әкесінен қалған мұрадай имеденіп, әбден еті үйренген ат үсті жұмыстан қол үзіп қалуында ғой» (147-бет) деп анықталған.

Романдағы қақтығыстардың ішінде Хақназар мен оның көмекшілерінің (орынбасарлары Хакім, Игорь Матвеевич Штерн, бас агроном Курт Цихлер, бас бухгалтер Айтық, бригадирлер Жазылбай, Абыл, Табылды, т.б.) өнімді еңбек көрсеткіштеріне жетуіне елеулі кедергі келтірген соғыс кезінде Кавказдан еріксіз қоныс аударылған шешен-ингуштердің (Самрат, Вахит, Шалим, Зайпулла, т.б.) колхоздың ортақ жұмысына шықпай қалғанын, Зайпулланың ұрлық іс-әрекеттерін – жөнге келтіру де біраз қиындықтар туындатады. Жанына орынбасарларын ертіп алып, шешен-ингуштардың өзін түсініп адал еңбек ететін қалыпқа түсіруде де Хақназардың насихаттық тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттері жақсы нәтижелерге («Ересек шешен-ингуштар бұның сөзіне алғашында оқшырайып, соңынан құлдық ұрысты. Түн баласы қарақшылық, бұзақылық жасаушыларға бұлардың ешқайсысының қатысы жоқ екен, қайта ондай қылықты бұлар жан-тәнімен айыптайтын көрінеді», 172-бет).

Бас кейіпкердің адамдар арасындағы қарым-қатынастардағы өзіндік серпінді іс-әрекеттері, шешімтал мінез-құлық қасиеттері бүкіл еңбек ұжымының жұмылған жұдырықтай еңбек етуін ұйымдастыруға жеткізгенін роман композициясындағы сюжеттік бөліктерден танимыз.

Бас кейіпкердің тарихи деректерге негізделген тұлғасын даралауда жанама кейіпкерлер де поэтикалық ықпалды сипатымен ерекшеленген. Мысалы, Хақназардың панасыз жетім кезінде қамқорлығына алып тәрбиелеген Лағыл апасы, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Саудабаев, аудандық партия комитетінде бірінші хатшысы Шиманов, қызыл отау меңгерушісі Далабаев, мал фермасының меңгерушісі Киізбай, алаңғасарлау, әңгүдіктеу Саймасай, т.б.

«Шың мен шыңырау» романы – саналуан мінез өзгешеліктері бар адамдардың ортақ еңбек ұжымындағы қарым-қатынастар жүйесінің әрі үйлесімді, сонымен бірге қарама-қайшылықты сипатын кешенді болмысымен танытатын эпикалық шығарма.

Жазушы Ұзақбай Доспанбетовтің әдеби-сын мақалалары, зерттеулері жинақталған «Тіл өнері дертпен тең» (2006) атты кітабы да әдеби

үдерістері жанрлар табиғатын сыншылдық көркемдік-эстетикалық талғап, таным тұрғысынан бағалауымен ерекшеленеді. Кітаптағы «Ағынан жарылып сөйлесек...» (Кейбір қазақ әңгімелері мен повестері төңірегіндегі ойлар), «Поэзия туралы ойлар», «Жас прозаиктер және сын», «Болбыр тіл, боркемік дүниелер», «Әр туынды өз жүгін көтеретін болсын!», «Жоқтан» «бар» жасағанды қойсақ, шіркін!», «Толғағы жеткен сөз» және т.б., әдеби сын тұрғысында жазылған мақалаларында қаламгер



поэзиялық, прозалық шығармаларды табиғи талант пен көркемдік шеберлік тұтастығы тұрғысында жазу талаптарын поэтикалық заңдылықтар бойынша талдаған. Ал, «Асыра мақтауға бармаңызшы...» (Николай Анов – 85 жаста), «Ащы дәмді тіршілік хикаялары: Сайын Мұратбековтің «Жабайы алма» повесі жайындағы ойлар», «Ауылым менің ауылым!» (Сайын Мұратбековтің «Көкорай» атты повесін қайта оқығанда туған ойлар), «Шындық пен талантқа мұңдастық», «Шындық – жыр өзегі», «Бала жанының пернесі», «Ел тағдырын таразыласақ...: Д. А. Қонаевтың «Өтті дәурен осылай атты кітабын оқығанда туған ойлар», «Ұлы тұлға – замандастар есінде», «Қаусымра жақ жез таңдай ақын» (Бақтыбай Жолбарысұлының өмірі мен шығармалар хақында. Е.Ақжолтаевпен, Т.Әліпбаевпен бірлескен авторлық), «Ой мен сурет жарастығы» (Жазушы Зейнолла Қабдоловтың творчестволық портреті), «Таразыға тартқандай дәлдік керек», «Тарих баба сөйлейді», «Тасбақаның көз жасы», «Күлмесханды күлдірген Ос-ағаң!», «Ерліктің өнердегі ізі», «Әділбек ақынға тағзым», «Секунд пен ғасыр», «Өнер құдіретін арқау еткен»

«Театр сынының сардары», «Бүлінген ел, бүгілген бел», т.б. мақалалар қаламгердің білікті зерттеуші-әдебиетші тұғырындағы талдауларының теориялық байыптылығын, тұжырымдарының дәйектілігін танытады.

Прозадағы көркем шығармаларымен де, әдеби сындағы сыншыл тағылымды мақалаларымен де, әдеби-мәдени танымдық мәнді зерттеулерімен де жұртшылықтың жылы ықыласына ие болған көрнекті қаламгердің ұлттық рухани мәдениетіміздегі биік тұғырлы тұлғасы айқын танылады.

Жазушы Ұзақбай Доспанбетов ХХ ғасырдың 60-жылдарынан бастап, қазіргі ХХІ ғасырдағы әдеби үдерістегі елеулі шығармашылық тұлғасымен ұлт мәдениетіне қосқан қомақты үлестерімен халқымызға танымал суреткер қаламгер. Сөз арқауында айтылған көркем прозадағы елеулі туындыларымен әдеби сынға, ұлт тағдырына арналған мақаларымен бірге, ел тарихындағы белгілі ақындардың (Бақтыбай Жолбарысұлы, Пішән Жәлмендеұлы, Қыдырәлі Меңлібайұлы, Сәмет төре Малаев, Арал Тоқпақов, т.б.) шығармаларының кітап болып жарық көруін, баспасөзде жариялануын ұйымдастырды. Ұзақ жылдар бойы «Жұлдыз», «Балдырған» журналдарының алқа мүшесі болды, «Балдырған» журналының жыл сайын үздік әңгімелерге берілетін сыйығының иегері, сонымен бірге осы журналдың отыз жылдық мерейтойында Қазақстан комсомолының Құрмет Грамотасымен марапатталды. 1999 жылы жазушыға туған ауылының, 2009 жылы Ескелді ауданының Құрметті Азаматы атағы берілді. Қорыта айтқанда, жетпіс бес жастың белесіне елеулі шығармашылық еңбек жемістерімен жеткен көрнекті қаламгер, адамтану суреткері Ұзақбай аға Доспанбетов Тәуелсіз Қазақстанның биыл 25 жылға толған және мәңгілікке ұласатын жаңа тарихындағы азаматтық-қайраткерлік тұлғасымен туған халқымен бірге жаңа белестерге өрлей береді.

Темірхан Сақаұлы ТЕБЕГЕНОВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Түркі Әлемі Халықаралық «Қызыл Алма»
сыйлығының лауреаты

АЙМАҚ ӘДЕБИЕТІ ӨРКЕНДЕУДЕ (Маңғыстау ақын-жазушыларының шығармашылығы жайлы)

Осы өлкенің асыл мұралары – ауыз әдебиетін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін түбегейлі зерттеп, сусыған құм мен жақпар тастардың арасынан аршып алып, том-том тарихты халқының игілігіне айналдыруға бар ғұмырын арнап, әралуан мектептерді қалыптастырушы тұлғаларды жеке-жеке саралап, қайта тірілтіп берген ғалымдардың бірі - Қабиболла Сыдиықұлы мен Есбол Өмірбайұлы ағаларымыз болатын.

Олардың ерен еңбегінің нәтижесінде ақын-жыраулар мектебінің көрнекті өкілдері - Абыл Тілеуұлы бастаған Ақтан, Қашаған, Аралбай, Нұрым, Қалнияз, Түмен, Сүгір, Мұрын сынды ақпа-төкпе ақын-жыраулар; күйшілер мектебінің көрнекті өкілдері - Абыл Тарақұлы бастаған Есбай, Есір, Құлшар тәрізді күйші-композиторлар; әнші-жыршылар мектебінің көрнекті өкілдері – «жеті қайқы» атанған - Өскенбай, Жылкелді, Досат, Әділ, Тұрсын, Тастемір, Шолтаман, бұлардан да басқа Қайып, Қойбас, Мұрат тәрізді әншілер, Қаражүсіп тәрізді сәулетшілер, Бейнеубай тәрізді шыңыраушылар, Қожамбет, Қаралда бастаған палуандар, Тобанияз, Жалау Мыңбайұлы бастаған мемлекет қайраткерлері, т.б. туған халқымен қайта қауышып еді. Қазақтың мың әнін жинап, сауапты іс тындырған өнер зерттеуші Александр Затеевич Орынборда мемлекет қайраткері Ж.Мыңбаевтың (Жалау ол кезде Қазақ автономиясының басшысы) орындауында маңғыстаулық біраз әндерді жазып алған еді.

Абыл да, Нұрым да, Ақтан да, Қашаған да, Сәттіғұл да, Түмен де «Қырық батыр...» эпосын түгел білген, таңды таңға ұрып жырлаған. Бір-біріне үйреткен. Ал Мұрын жырау сонау Ұлы Отан соғысының алапат отты жылдарының өзінде Алматыға алдырылып, тек осы эпостық жырды алты ай жырлап тауыса алмай, бірнешеуін кейінге қалдырып Маңғыстауға оралған. «Маңғыстаудың жыраулық мектебі Сыпыра жыраудан бастау алып, Мұрын жыраумен аяқталады» дейтін ұғым бар.

Шын мәнінде жыраулық, ақындық, жыршылық дәстүрлер аяқталған жоқ, ол жаңаша дамып, өзгеше сипат алып келеді. Бұл кешенді жобада: ақпа-төкпе ақын-жырау Абыл Тілеуұлы бастап, бүгінгі балауса жас ұрпақтың талантты өкілдері қостаған Маңғыстаудың 93 қаламгерінің шығармаларында ежелгі өлкенің аңыз-әлсанасы да, салт-дәстүрі де, ел қорғаудағы ерлік дастандары да, бүгінгі шат заманның тамаша табыстары да, достық, жастық, махаббат мақамдары да кең көрініс табады.

Аға буын өкілдері - Әбіш Кекілбаев, Маршал Әбдіхалықов, Айтмағанбет Құдайбергенов, Қазданбай Қосжанов, Естөре Оразақов, Есбол Өмірбаев, Қабиболла Сыдиықұлы, Есенғали Бөкенбаев, Уәлис Қайралапов, Бесінбай



Бегеніш, Сайын Назарбек, Дүйсембі Әріпов,Өмірзақ Озғанбаев, Бектұр Төлеуғалиев, Шоғай Шалқаров, Сәбит Әбішев сынды жазушыларымыз маңғыстаулық әдебиеттің көкжиегін әлдеқайда кеңейтіп жіберді. Бұған дейін белгісіздеу болып келген жазушы Шоғай Шалқаровтың «Ақбөбек» романы, Айтмағанбет Құдайбергеновтың «Ақбөбек» повесі, Сайын Назарбектің «Ақбөбек» пьесасы, Естөре Оразақовтың «Дәрігер парызы» трилогиясы, Маршал Әбдіхалықовтың «Сүйінғара» романы, Қазданбай Қосжановтың лирикалық өлеңдері, Жоламан Айдарбаевтың «Бопай ханым» романы әдеби сын тұрғысынан түбегейлі зерттеліп, лайықты бағасын беруді қажет етеді.

Шоғай ағамыздың екі томнан тұратын «Ақбөбегі» бүгінгі біз түсініп, түйсініп жүрген оқиғалардан гөрі күрделірек, тек қана екі ғашықтың

Айтуар ӨТЕГЕНОВ

ЖЫРШЫЛАР ШЫҚТЫ ОРТАҒА...

Осы сәрсенбіде Талдықорған қаласындағы І.Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Тарихқа тағзым» атты Республикалық жыршылар байқауы өтті. Байқауға 6 облыстан (ШҚО, Қызылорда, Жамбыл, Қостанай, Маңғыстау, Алматы) және Астана, Алматы қаласынан барлығы 15 үміткер қатысуға өтініш білдірді.



Байқаудың мақсаты:

- Ұлттық өнерімізді сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізу жолында жыраулардың есімін кеңінен насихаттау;
- Жыршылардың өнерін өскелең ұрпаққа үлгі ету;
- Еліміздегі жыршылық дәстүрді жалғастыру;
- Жастарымызды ұлттық өнеріміздің қыр-сырына баулып, үлкен сахнадан бой көрсетуге үйрету;
- Жаңа өнер иелерін анықтап, халыққа насихаттау.

Байқау қорытындысын шығаратын қазылар алқасының құрамына белгілі мәдениет және өнер қайраткерлері бекітілді. Олар: ҚР Еңбек сіңірген әртісі, «Парасат» орденінің иегері, профессор, жырау, алқа төрағасы Алматов Алмас Нұрмұханұлы, Халықаралық, республикалық жыршы-термешілер байқауының жүлдегері, Алматы қаласының Ықылас атындағы музыкалық халық аспаптары музейінің директоры, филология ғылымдарының кандидаты, жыршы Байбосынова Улжан Мәлікайдарқызы, ҚР Мәдениет қайраткері, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бөлім басшысы Ғұмаров Төлеужан Нүсіпжанұлы, сазгер, ақын, ҚР Мәдениет қайраткері, Республикалық жыршы-термешілер байқауының жүлдегері, облыстық Сүйінбай атындағы филармонияның жеке дауыстағы әншісі Шалдыбеков Ерболат Заманбекұлы және сазгер, ҚР Мәдениет қайраткері Абдраманов Жақсылық Шамиұлы.

Байқаудың қорытындысы бойынша жеңімпаздар жүлделі орындарға ие болып, сыйлықтармен, дипломдармен марапатталды.

Бас жүлдеге Астана қаласынан келген Дина Нұрабаева лайық деп



танылды. І орынды Жамбыл облысының жыршысы Исаков Жұлдыз жеңіп алса, ІІ орын астаналық Баймұраева Зулфияға бұйырды. Сондай-ақ, бұл жүлделі орынға Қызылорда облысының дарынды жасы Әлиев Ерсейіт шықты. ІІІ орын жүлдесі Маңғыстау облысының жыршысы Абилбаев Рауан мен жетісулық Рақымбай Даниярдың қанжығасына байланды.

Арнайы жүлделер Гүлниза Жұмажанова, Ақын Фатих, Бейбіт Смағұлов (Алматы облысы), Әділхан Қуанбаев (Қызылорда облысы), Нұрлыбек Таласбаев (Жамбыл облысы), Айнұр Қонысбаева (Астана қаласы), Айтолла Күлшекер (Шығыс Қазақстан облысы), Арғынбек Бейбітхан (Қостанай облысы) сынды жас жүйріктерге берілді.

ҚАЗАҚТЫҢ ТАБИҒАТЫН АШҚАН КӨРМЕ

Өткен сейсенбіде Алматы облыстық «Көркемөнер галереясы» МКҚК-ны мен Райымбек ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Тарихқа тағзым» атты Алматы облыстық кәсіпқой суретшілері мен қолөнер шеберлерінің туындыларынан жинақталған көрме-байқауының ашылу салтанаты өтті.



Көрменің ашылу салтанатына Талдықорған қаласының кәсіпқой суретшілері: Ж.Баримбеков, Ш.Усманов, Б.Ахметов, Е.Қарабалаев, М.Абдилдаев, Е.Жүнісхан, С.Мырзатаев, А.Бекбергенова, Е.Борисенко, А.Қарабалаева, С.Сарсенбаева, және тағы басқа суретшілер мен көрермендер қатысты.

Аталған көрмеге 34 суретшінің 50-ден астам графика және кескіндеме жұмыстары қойылды. Көрме-байқау қорытындысы бойынша 1-орынды «Көш» атты туындысы үшін Айнұр Сейдіғабалқызы Бекбергенова иеленді.

Айнұр Көксу ауданы, Еңбекшіқазақ ауылының тумасы. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін бейнелеу өнері мен сызу мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын Қазақ Ұлттық қыздар университетінде аға оқытушы болып бастады. 2013 жылдан бастап І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті мәдениет және өнер факультетінде дәріс беріп келеді. Педагогикалық қызмет пен шығармашылығын қатар алып жүрген қылқалам шебері Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы құрметіне «Туған жер» атты көрмесін ұйымдастырған болатын.

2-орынға «Суық хабар» туындысы үшін Елена Борисенко лайық деп танылса, Нұрболат Сәйдіңұлы Ысқақов «Ұлы көш» туындысымен, ал Сымбат Сәрсенбаева «Заман-ай» картинасымен 3-орынды жеңіп алды. Ынталандыру жүлделерінің иегерлеріне келсек, «Ардагер суретші» жүлдесін Усманов Шамиль Ахмерұлы «Данышпан далаға ескерткіш» туындысы үшін, «Үздік қылқалам шебері» атағын Ермұхан Жүнісхан «Жаңбырдан соң» еңбегі үшін, «Үздік қолөнер шебері» номинациясын Абдилдаев Мұратхан Дүйсенғалиұлы «Қилы заман» туындысы үшін марапатталды.

Көрменің ашылу салтанатына 100-ден аса көрермен қатысты.



КІТАП ОҚЫНДАР, ӨРЕНДЕР!

Н. Байғанин атындағы Ақтөбе облыстық балалар кітапханасы ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында “ОҚЫ, АҚТӨБЕЛІК ӨРЕНІМ” атты облыстық оқу марафонын бастаған болатын. Марафон ҚР Жазушылар Одағының, ҚР журналистер Одағының мүшесі, ақын Ертай Ашықбаевқа арналды.

Мақсат - жергілікті авторларды қолдау және балдырғандардың кітапқа деген ынтасын арттыру.

Марафонның ашылу салтанатында Ертай Ашықбаевқа арнап жасалған көлемді кітапқа автор өз қолтаңбасын қалдырып, оны өзі туған өлкесі Темір ауданының балалар кітапханасына табыстады. Барлық балалар кітапханаларының ұжымдарына авторға арналған жұмыстарын көрсете отырып, кітаптың айқара бетін өздері безендіру міндеттелді. Осы марафон аясында Байғанин, Шалқар, Мұғалжар, Ырғыз, Дйтеке би, Қарғалы, Хромтау аудандарында ақынға арналған игі шаралар өтті. Әрбір аудандық балалар кітапханасының ұжымдары поэзия кештері, әдеби сағаттар мен кездесулер, мәнерлеп оқу сайыстары, әдебиет апталығы секілді бір - біріне ұқсамайтын әртүрлі бағытта өткізуде. Облыстық балалар кітапханасының басшылығы облыстық марафонның әр аудандарда жоғары деңгейде өткізіліп жатқанын бақылап отыр. Енді Мәртөк, Алға, Қобда, Ойыл аудандарында бұл марафон жалғасын тауып, қазан айында қала мектептері мен кітапханаларында да насихат жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Ал, қараша айында “ОҚЫ, АҚТӨБЕЛІК ӨРЕНІМ” марафонын бастаған Н.Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасы өз ғимаратында қорытындылау шарасын өткізеді.

Тұлғаларды таныту мақсатындағы марафонның аясы кеңейіп, жыл сайын жаңарып, жұмысы жандана түспек.

Э. КАШКЕНОВА,
кітапхана әдіскері



ШЫМКЕНТТІҢ ШЫРАЙЛЫ ҚЫЗЫ ИТАЛИЯДА БАС ЖҮЛДЕГЕ ИЕ БОЛДЫ

Италияда өткен Халықаралық «Sun of Italy» фестиваль-байқауына Оңтүстік Қазақстан облысының атынан қатысқан Карина Нәжмединаева бас жүлдені олжалап қайтты.

14 жасар әнші Карина бұған дейін Эстония Республикасының Таллин қаласында өткен Халықаралық ашық ІІ «Sorgus» балалар мен жасөспірімдердің фестиваль-байқауына қатысып, І-орынды иеленген болатын. Үш әнді тамылжыта орындаған бұлбұл үнді балғын әнші халықаралық әділқазылар алқасын өз-өзіне сенімді кәнігі әнші ретінде таң-тамаша еткен. Міне, сол бір жеңісті сәттен 4 ай өтер-өтпесте дарынды вокалист Италиядан да үлкен табыспен оралып отыр.

Карина он жастан бастап өрімтал өнерін әлемге паш етумен келеді. 2013 жылы Мәскеуде өткен «Толқынмен жүгіру» байқауында ол бірінші орынды иеленіп, «Романсиада-2015» балалар байқауында Гран-приді олжалаған еді. Ол екінші Бибігүл Төлегенова болуды армандайды.

Sun of Italy, яғни «Италия шуағы» халықаралық жазғы фестиваль-байқауының ұйымдастырушысы Fiestalonia International (Ұлыбритания) жас әртістерді қолдау продюсерлік орталығы мен Fiestalonia Milenio испан фестиваль комитеті болып табылады. Фестиваль-байқауға қатысушылардың әрбіріне Италия өкілдігімен тіркелген CID UNESCO-ның мүшесінен атаулы димлом беріледі.

Бұл фестиваль жас қатысушыларға ата-аналарымен бірге барып, Италияның әсемдігін тамашалап, Венеция мен Римді, Флоренцияны аралауға мүмкіндік береді.

АЛМАТЫЛЫҚ БАЛЕРИНА - АЛТЫН МЕДАЛЬ ИЕСІ

Алматыда Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының 24 жастағы солисі, Нью-Йорк қаласындағы (АҚШ) Халықаралық балет артистері байқауының лауреаты Әсел Асқарова Ыстамбұл қаласында (Түркия) өткен 5-ші Халықаралық балет артистері байқауында бірінші орынды жеңіп алып, алтын медальге ие болды. Түркиядан ұшып келген Әсел Асқарова мен оның сахнадағы әріптесі әрі өмірлік жолдасы Азамат Асқаров баспасөз мәслихатын өткізді. Оған жас әртістердің педагогы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сәуле Рахмедова да қатысты.

«Әселдің бұл жеңісі біздің театр үшін тарихи оқиға. Өйткені, ерлер арасында мұндай жеңістер болған. Ал қыздар арасында, егер жаңылыспасам, мұндай алтын медаль болған емес. Әсел театр тарихының жаңа бетін ашып отыр», - деді мақтаныш сезіммен С. Рахмедова.

Сәуле Рахмедова бұл байқауға қатысудың өзі ерлік екендігін жеткізді. Өйткені, байқау алдында оған бару-бармау мәселесі туындаған екен.

«Байқауға негізгі әртістер 50 шақты елден келуі керек болатын. Бірақ, ләкестік қауіп-қатерге байланысты 20-ға жуық қатысушы келмей қалды. Бұл, әрине, психологиялық тұрғыдан қатты әсер етеді. Соған қарамастан біз Әсел мен Асқарды байқауға жібердік. Бір аптаға созылған дүбірлі додадаға 35 солист қатысты. Әсел байқауда көрсеткен өнері жөнінде маған бейнетаспалар жіберіп отырды. Мен соларға қарап, оған ақыл-кеңестерімді беріп отырдым», - деді С. Рахмедова.

Ал, Әселдің сахнадағы әріптесі болған Азамат Асқаров байқаудың жоғары дәрежеде ұйымдастырылғандығын айтты.



	Бөлім редакторлары: Мәдениет және өнер – Гүлжанат ШОНАБАЙ Әдебиет (проза) – Қайрат ДҮЙСЕНОВ Әдеби сын – Кенжеғали ҚОШЫМ-НОҒАЙ (Қошымов) Дін – Ағабек СыДЫКОВ Ғылым – Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ Сатира – Мухтар ШЕРИМОВ	Меншікті тілшілер: Қажет АНДАС (Алматы облысы) Темірбек Мұхтаров (Атырау облысы) Байқал БАЙӘДІЛОВ (Ақмола облысы) Алтай АЙЫП (Қызылорда облысы) Нұржан СЕРІКХАНУЛЫ (Жамбыл облысы) Ақмарал Әбдіқалық (Ақтөбе облысы)	Аймақтағы өкілдер: Аққали АХМЕТ (Атырау облысы) Әбілсейіт МУХТАР (БҚО) Өркен ИСМАИЛ (Қызылорда облысы) Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН (Ақтөбе облысы) Айтуар ӨТЕГЕНОВ (Маңғыстау облысы) Жауапты хатшы – Манас ҚАЙЫРТАЙУЛЫ Корректор – Шошан СЕРІКҚЫЗЫ Беттеуші дизайнер – Марат БАЙМАҒАНБЕТОВ	● Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінен 7 шілде 2016 жылы тіркеуден өтіп, №16061-Г куәлігі берілді. ● (Алашқы естепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №10414-Г.10.10.2009 ж.) ● «Үш қоян» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы нiңдетi. ● Газеттің терілуі мен бет қатталуы «Үш қоян» редакциясының компьютер орталығында жасалып, «Дуірі» ЖШС баспаханасында (Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-й) басылды. ● Жарияланған мақсала авторларының пікірлері редакция кызқарасын білдірмейді. ● Суреттердің сапасына редакция жауап береді. ● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты. ● «Үш қоян» газетінің жазылу индексі: 64311 ● Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады.	Мекен-жайымыз: 040900, Алматы облысы, Қаскелең қаласы, Бауыржан Момышұлы көшесі Редакция телефондары: 8 (727) 972-75-55, +7 701 981 81 22 Телесырыс 291 Таралымы 14000 дана e-mail: ushkonyr_gazeti@mail.ru
--	--	---	--	---	--